# SARYARQA

11 ақпан
2022 жыл

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№ 5 (8268)

БИЛІК пен БҰҚАРА



ӘКІМДЕР
ЕСЕП БЕРДІ.
ЕЛ НЕ ДЕДІ?
2-бет

МЕРЕЙ



ТАРПАҢ ТІРЛІКТІҢ
ТЫНЫМСЫЗ
ТОРЫСЫ
4-5-беттер

АҢЫЗ БОП ЖЕТКЕН АҚИҚАТ



ҚАРАХАН
ЕСІМІ
ҚАЛАЙ БЕРІЛДІ?
6-бет

# ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСЫН АРТТЫРУҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМА ӘЗІРЛЕНІП ЖАТЫР

***Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінен***



Өткен жылы ел экономикасы 4 пайызға өсті. Өңдеу өнеркәсібі 5,5, құрылыс индустриясы 7,6 пайызға артты. Қызмет көрсету саласында оң үрдіс бар. Сауда-саттық 9,2, көлік саласы 3,6 пайызға артты. Дегенмен, инфляция межелі деңгейден асып кетті. Бұл көрсеткіш 8,4 пайыз болды. Өкінішке қарай, қаңтар оқиғалары қалыпты өмірімізді түбегейлі өзгертті. Заңсыз әрекеттердің салдарынан көптеген азаматтарымыз зардап шекті. Шағын және орта бизнес өкілдері шығынға ұшырады. Қазіргі мәліметтер бойынша бизнеске 100 миллиардтан астам теңге көлемінде залал келді.

Біз осындай қиын жағдайда ел бірлігінің арқасында мемлекетіміздің қауіпсіздігін, тұтастығын сақтап қалдық. Қазір Үкіметтің басты міндеті – халықтың әл-ауқатын арттыру, азаматтардың табысындағы алшақтықты азайту және еңбек етуге қолайлы жұмыс орындарын ашу. Бәріміз елдің игілігі үшін қызмет етуге тиіспіз. Табыс табу – азаматтардың тұрмыс сапасын жақсартудың және болашаққа деген сенімін нығайтудың басты факторы. Өкінішке қарай, соңғы кезде жұрттың табысы экономикалық өсімнің емес, әлеуметтік трансферттің есебінен көбейді. Бұдан азаматтардың кірісі алатын жалақысына емес, бюджет шығысына тәуелді екенін байқауға болады. Бұл аз десеңіз, жұмыс берушілердің пайдасымен және нарықтағы бағаның көтерілуімен салыстырғанда еңбекақы әлдеқайда баяу өсуде. Соның салдарынан қарызға батқан азаматтар мен кедей адамдар көбейіп барады. Қазіргі таңда 1 миллионға жуық адамның табысы ең төменгі күнкөріс деңгейіне де жетпейді. Бұл – соңғы 10 жылдағы ең нашар көрсеткіш. Қазіргі уақытта менің тапсырмам бойынша Халықтың табысын арттыруға арналған бағдарлама әзірленіп жатыр.

Еркін экономикалық аймақтардың көпшілігі инвестиция әкелу үшін тиімді бола алмады деп мен бірнеше рет айттым. Жарты триллион теңгеге жуық ауқымды салықтық ынталандыру топтамасына қарамастан жағдай осындай болып тұр. Нәтижесінде не таптық? Соңғы үш жылда еркін экономикалық аймақтарда өндірілген тауар көлемі ішкі жалпы өнімнің 1,5 пайызынан аспайды. Ал экспорттың үлесі жалпыелдік өнімнің 0,1 пайызын ғана құрайды. Осы мәселені реттейтін кез келді.

Кеден бекеттеріндегі қордаланған мәселелерді жедел шешу қажет. Бұл – бюджет үшін айрықша маңызы бар сала. Тағы да қайталап айтамын: ондағы былықты жөнге келтірмесе, салдары қиын болуы мүмкін. Қытайдың статистикасы мен біздегі көрсеткіштің айырмасы 5,7 миллиард доллар болуы – соның дәлелі. Қазір Қытаймен арадағы кеден бекетінде 12 мыңнан астам көлік электронды кезекте тұр. Құзырлы экономикалық операторлардың заңсыз іс-әрекеті туралы бұған дейін де айттым. Олар кеденнен және басқа да бақылау органдарынан соншама жеңілдікті қалай алып отыр? Не себепті бұл мәселе назардан тыс қалған? Бұл сұрақтарға 10 күннің ішінде нақты әрі толық жауап күтемін.

Аймақтарда жұмыстың алға басуы әкімге байланысты екені рас. Кәсіпкерлік бастаманың жолын кесіп, тежейтін де көбінесе әкімдер. Бұл – ащы ақиқат. Тіпті, қаржылай көмек бермек түгілі, заң аясында әкімшілік қолдау да көрсетпейді. Мұндай жөнсіздікті шұғыл түрде доғару керек. Аудан әкімдеріне нақты меже қойылсын. Оларға жыл сайын әрбір 10 мың тұрғын үшін кемінде 100 жұмыс орнын ашуды міндеттеген жөн. Біз енді жұмыс тәсілін өзгертеміз. Кәсіпкерлер әкімнің соңынан жүгірмеуі керек. Керісінше, әкім инвестор тартуға ұмтылуы қажет.

Утилизациялық алым бойынша барлық қаражат мемлекет пайдасына түседі деп шештік. Ендігі мәселе – мөлшерлеме деңгейін анықтау. Жұмыс тобы осы мәселені қызу талқылап жатыр. Бірден айтайын, утилизациялық алым қайта қаралады. Бірақ шектен шықпаған жөн. Автоөнеркәсіпті дамытуға жұмсалған ақшаны желге шашудың, ескі автокөліктерді сырттан әкеліп, қалдықтан нарық ашудың қажеті жоқ. Утилизациялық немесе тіркеу алымы түпкі мақсат емес. Бастысы – тұтынушылар үшін автокөліктер мен ауыл шаруашылығы техникасының қолжетімділігін қамтамасыз ету. Өндірушілер мен дистрибьютерлер тарапынан әрекет болады деп сенемін.

Былтыр еліміз бойынша 17 миллион шаршы метр тұрғын-үй салынды. Бұл – бұрын ешқашан болмаған көрсеткіш. Алайда, оның қаншалықты дұрыс мәлімет екенін тексеру керек. Әкімдер жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін ескі үйлер мен саяжайларды да есепке қосып жіберді деген ақпарат бар. Ал, биыл былтырғыдан 1 миллион шаршы метр көбірек үй салынады деп жоспарланып отыр. Бірақ, құрылыстың мұндай қарқынына коммуналдық инфрақұрылым ілесе алмай жатыр. Елордамыздағы ахуал – осының айқын дәлелі. Қалада алдағы 3 жылда сағатына 900 гигакалория жылу тапшылығы болуы мүмкін. Дәл осындай мәселе кейбір облыс орталықтарында да бар. Құрылыс жоспарын ескере отырып, оған қанша коммуналдық инфрақұрылым қуаты қажет болатынын болжай білу керек. Үкімет бұл жұмысты әкімдермен бірлесіп атқаруға тиіс. Осы талдаудың негізінде нақты шаралар қабылдау қажет. Бұдан былай тиісті инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымы бар жерге ғана тұрғын үй салынуы керек.

Тағы бір түйткілді мәселе – құрылыс саласында нағыз бәсекенің болмауы. Елімізде бірнеше құрылыс компаниясы ғана үстемдікке ие болып отыр. Коммерциялық нарық та, мемлекеттік тапсырыс саласы да солардың уысында. Шын мәнінде, олар бұған әкімшілік ресурсты пайдалану арқылы қол жеткізуде.

«Отбасы банк» пен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі субсидия алатындар мен жылжымайтын мүлікті жалға берушілер тіркелетін арнайы цифрлық платформаны әзірлеуге тиіс. Азаматтар өздерінің қажеттіліктеріне сәйкес әкімдіктер немесе құрылыс компаниялары айтқан жерден емес, өздері қалаған жерден тұрғын үй таңдай алады. Әлеуметтік жағдайы нашар топтар үшін жалға алу шығынының 50 пайызы мөлшеріндегі субсидия мемлекеттен төленеді. Тұрғындар отбасылық бюджеттің артылған ақшасын азық-түлік, білім алу, медицина және тағы басқа қажеттіліктеріне жұмсай алады. Осы жүйе бойынша өтінімдерді қабылдау мерзімін биылғы 1 мамырдан кешіктірмеуді тапсырамын.

Соңғы 5 жылда ауылшаруашылығын дамытуға 2 триллион теңгеден астам қаржы бөлінді. Алайда, субсидия көлемі қанша өссе де, бұл салада ауыз толтырып айтатын өзгеріс болған жоқ. Ауыл шаруашылығы министрлігі мен әкімдіктер субсидияны таратып берумен ғана шектелген. Оған ешқандай талдау жасалған жоқ. Қаржының тиісті мақсатқа жұмсалуын да ешкім бақылауға алмаған. Субсидия түпкі иесіне жетпей, орта жолда талан-таражға түсуде. Тіпті, ауыл шаруашылығына еш қатысы жоқ салалар да оның қызығын көруде. Соңғы жылдары Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі 960 қылмыстық іс тергеген. Соның 54 пайызы субсидияны жымқыруға қатысты болған. Мысалы, жайылымдық жерлерді суландыруға 80 миллиард теңге бөлінді. Бірақ, оның тең жартысы желге ұшты. Осы жұмысқа қажетті құрал-жабдықтың бағасы 2-3 есе артық көрсетілген. Тіпті, кей жағдайда қаржыны қағаз жүзінде игере салған. Сонымен қатар, субсидия алып отырған жұрттың ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуге және сақтауға аса құлқы жоқ. Себебі, субсидиялау жүйесінің өзі шаруаларды бұған ынталандырмайды. Жағдай түзелмесе, агроөнеркәсіп кешені шикізат өндіруден ары аса алмайтыны анық. Субсидиялаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі жоқ. Жеке құрылымдар субсидия бөлуге қатысты түрлі порталдар (Qoldau.kz, plem.kz) ашқан. Олар өз қызметі үшін шаруалардан 3-11 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақша алып отыр. Шаруалардың бұған наразылық білдіруі орынды. Үкіметке субсидиялау туралы ақпаратты толық қамтитын платформа әзірлеуді тапсырамын. Бұл платформа шаруаларға тегін қызмет көрсетуі керек.

Қолда бар қаржыны түгендеп, басымдықтарды қайта қарау керек. Бұл – алдағы жобаларға, соның ішінде мемлекет пен жекеменшіктің серіктестігі арқылы салынатын 20 ауруханаға қатысты мәселе. Оның әрқайсысына жұмсалатын шығын қолданыстағы заманауи ауруханалардың құнынан бірнеше есе артық. Мұндай мемлекет пен жекеменшіктің серіктестігі қажет емес.

«Жаңа Қазақстанды» құру үшін түсінікті әрі әділ мемлекеттік саясат жүргізілуі керек. Бұл саясат шенеуніктердің жөнсіздігіне жол бермейді. Бәсекеге және технологияға негізделген экономиканы қалыптастырады. Сонымен бірге, жеке меншікке, адамның құқықтары мен бостандығына қол сұғылмауына заң үстемдігі арқылы кепілдік береді. Барлық азаматтарға бірдей мүмкіндік жасайтын да – осы саясат. Әркім Қазақстанның болашағына жауапты екенін сезініп, ортақ іске өз үлесін қосуы керек. Жұрт мемлекеттен ашық әрі түсінікті саясат жүргізуді талап етеді. Осы талапқа сай болуымыз қажет.

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖҮЛДЕМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

***Астана мемлекеттік қызмет хабы мен оның басқарушы комитет төрағасы Алихан Байменов мемлекеттік басқару тәжірибесі мен ғылымына қосқан зор үлесі үшін Америка мемлекеттік басқару ассоциациясы (ASPA) «Мемлекеттік басқарудың халықаралық жүлдесімен» марапатталды.***



ASPA атқарушы директоры Уилльям Шилдс құттықтау хатында: «Бұл марапат Хаб пен оның төрағасына халықаралық деңгейде мемлекеттік қызметтің тиімді жүйелерін құру мен оны нығайтуға, сондай-ақ мемлекеттік басқару саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін берілді», – деп жазылған.

Жалпы, ASPA – мемлекеттік басқару саласында әлемдегі 10 мыңнан астам кәсіпқой мамандарды біріктіретін, көп жылдық тарихы бар, халықаралық деңгейде танылған кәсіби қауымдастық болып табылады. 1939 жылдан бері бұл ұйым ғалымдар мен практиктер арасындағы маңызды көпір қызметін атқара отырып, мемлекеттік және коммерциялық емес басқарудың ғылымы, білімі және тәжірибесінің дамуына ықпал етіп келеді. Құттықтау хатта марапаттау рәсімі 2022 жылғы наурыз айында ASPA-ның жыл сайынғы конференциясы ауқымында өткізілетіні айтылған. Бүгінде Хаб 42 қатысушы мемлекет пен 70-тен астам институционалды серіктестермен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасайды.

**Өз тілшіміз.**

# ЕСЕЛІ ЕҢБЕК – ЛАЙЫҚТЫ ҚҰРМЕТ



***Қала басшылығы Қазақстанның Құрметті журналисі, ақпарат саласының үздігі, әріптесіміз Амандық Рахұлы мен саналы ғұмырын құқық қорғау органдары саласына арнаған Николай Яреськоны мерейтойларымен құттықтады.***

Саналы ғұмырын елдің дамуы мен өркендеуіне арнаған қос мерейтой иесі зейнетке шықса да аттан түскен жоқ. Төккен тер, еткен еңбек елеусіз емес. Амандық Рахұлы мен Николай Яреськоны Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Қазанбаев құттықтап, ақжарма тілектерін ақтарды.

Адам баласы үшін зейнетке шығып бейнетінің жемісін көру бір бақыт болса, ғұмырын ғибратпен өріп, айналасының алғысына кенелу мың бақыт десек, артық айтқандық емес. Журналистика саласында өзіндік қолтаңбасы бар әріптесіміз Амандық Рахұлының өмірі мен еңбек жолы туралы қарымды қаламгер Абдолла Дастановтың қаламынан туған «Тарпаң тірліктің тынымсыз торысы» атты мақаласынан кеңірек оқи аласыздар.

**Жаннұр ТӨЛЕНДІҚЫЗЫ**

# ӘКІМДЕР ЕСЕП БЕРДІ. ЕЛ НЕ ДЕДІ?

***Ақпан туа келетін алашапқын науқан – округ әкімдерінің ел алдындағы есебі Ұлытау ауданында да басталды. «Алашапқын» деп отырғанымыз да тегін емес. Ауылдарда өтетін есеп беру кездесулерге аудандық мемлекеттік мекемелердің басшылары тік көтеріліп барады. Сондай бір дүрмекті жиынның бірқатарына арнайы барып, әкімдердің есебін мен елді толғандырған мәселелерді тыңдап қайтқан едік.***



## ЖЕЗДІ КЕНТІ

Өткен аптаның жұмасында Жезді кентіндегі Мәдениет үйінде кент әкімі Мұратбек Жұмабеков есеп берді. Оған Ұлытау ауданының әкімі Советбек Медебаев пен аудандық мәслихаттың хатшысы Аманжол Мырзабеков қатысты.

Есепті жиын өтетін еңселі залға кіргенімізде шілдің қиындай шашырап отырған халықты (*оның жартысына жуығы ауданнан келген мекеме басшылары – **Авт**.*) көріп «есептен береке, елден сенім кеткені ме бәтір-ау» деген ой санамызда қылаң беріп қалды. Оны жиын басталған беттегі әлде кімнің «Осы ұзын-сонар сөзді қойып, нақтылы мәселеге көшсек қайтеді» деген қарлығыңқы дауысы да дәлелдегендей болды. Ал, кент әкімі болса «Соны тыңдау үшін алыстан арнайы келіп отырған адамдар бар» деген уәж айтқан болды. Елдің көкейінде «есепті халыққа емес, алыстан келгендерге беретін болғаны ғой» деген ойдың қалғаны да жасырын емес.

Халық айтса қалт айтпайды. Расында да, есеп беру жиналыстары сонау басталған күннен бергі «жүрісінен жаңылмай» келеді. Таптаурын болған баяндама елді жалықтырды. Ал оның жаңа форматын ойлап табуға жергілікті әкімдер енжар сияқты. Тым болмағанда олар өз есептерін өткен жылы көтерілген өзекті мәселелер мен оның нәтижесінен бастаса, шешілмеген проблемаларды қайра саралап, себебі мен салдарын сараптап жатса ел де елең ете қалар ма еді?!

Ойлы оқырман әңгіменің ауанынан-ақ аңғарып отырған шығар, Жезді кентінің әкімі Мұратбек Жұмабеков те есебін өткен жылы атқарылған жұмыстарды жіпке тізуден бастады. Бір қызығы, Мұратбек Досымбекұлының кент әкімінің орынтағына отырғанына бар жоғы екі-үш айдың ғана жүзі болса да, кенттегі шаруаның бәрін өзі атқарғандай етіп, шашау шығармай айтып шыққан ширақтығы еріксіз бас шайқатты. Тым болмаса: «Мен сайланғанға дейін мынадай жұмыстар атқарылып, мына шаруалар шешімін күтіп тұр екен. Үзігін жалғап жібердім» десе жарасымды болар ма еді...

Жә, әңгіме кімнің жасағаны, қалай жасағанында емес. Әңгіме елдің көкейіндегі түйткілді мәселелер қалай шешіліп жатыр? Шешілмесе, оған не кедергі болды? деген сауалдардың төңірегенде өрбісе өзектірек болар еді. Ал, мұндай мәселе кентте аз емес екен. Елдің жиын барысындағы сөзінен айқын аңғарылды. Өзін Қаумет Әбішев деп таныстырған ақсақал Жезді кентіндегі ауруханаың жайын, жарықтың жырын айтса, Серік Әбушахманов дәрігерлердің жетіспейтінін, тұрғын үй мен газ мәселесін, Тілеген Рахымбеков кентке орталық жылу қазандығын салу мәселесін көтерді. Сондай-ақ, «Оңжағалау» көшесінде осы күнге дейін ауыз су мәселесінің шешімін таппай отырғаны да айтылды. Кентке бөлінген қаржы елге аса қажет деген жұмыстарға қарай икемделсе дегенді де ортаға салды ел.

Тұрғындар көтерген мәселеге байланысты кент әкімі емес, аудан әкімі Советбек Медабаев жауап берді. Аудан басшысы тоқ мәселесінің алдағы апталарда толық шешілетінін жеткізді. Ақпан айынан бастап ЖРЭК мекемесі Ұлытау ауданының тоқ жүйесін өз құзырына алуға құжаттарды қабылдап жатқанын тілге тиек еткен Советбек Тұрсынұлы бұл бағыттағы қарыз ақшаның толық жабылғанын, ендігі уақытта аталмыш мекеме желілерді жаңғырту мен тоқтың үздіксіз берілуіне жауапты болатынын жеткізді.

Аудан әкімі жолға, құрылысқа, басқа да әлеуметтік мәселелерге қатысты көтерілген сауалдарға байыпты жауап беріп, жиынға қатысып отырған мекеме басшыларына міндеттер жүктеді. Аудандық деңгейде шешілуі қиын мәселелерді облыс әкіміне, министрліктерге жеткізетінін де айтты.

Айтпақшы, жиында тұрғындарды толғандырып жүрген тағы бір өзекті мәселе көтерілді. Оқырманға түсінікті болу үшін толығырақ айта кетейін. Өткен жылы «Бозай KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Жезді кентінің аумағынан «Жезді-1» карьерінде қиыршық тас өндіру жұмысын бастауға сұраныс берген еді. Алайда, кент тұрғыдары бұл өндіріс орнының ашылуына өздерінің қарсылықтарын білдірді. Осы бағытта үстіміздегі жылдың 12-қаңтарында кент тұрғындары мен «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің, «Бозай KZ» ЖШС басшыларының қатысуымен қоғамдық тыңдау өткізіліпті. Осы алқалы жиында Жезді кентінің тұрғындары аталмыш карьердің кентті қоршап тұрған жоталардың жоғарғы нүктесінде және кентке өте жақын орналасқанын, өндіріс орнынан шыққан шаң денсаулыққа зиян келтіретінін, мал өрісінің тарылатынын, мұсылмандар зиратына да тым таяу екенін айтып, өз уәждерін жеткізген.

Бұл мәселенің қалай шешілетінін алдағы уақыт көрсететін болады. Ал, бүгінгі жиын жаңа әкімнің атқарған жұмысы қанағаттанарлық деген бағамен түйінделді. Алайда, кенттегі өзекті мәселелерді кент әкімі емес, тұрғындардың көтеруі көңілге кірбің ұялатқаны да рас. Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өткен жылғы қыркүйектегі Жолдауында айтқан «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» басты қағидаты – мемлекеттік аппарат азаматтар мүддесі үшін жұмыс істеуге тиіс. Бұл бірінші кезекте жергілікті билікке қарата айтылып отыр. Тұрғындармен тікелей қарым-қатынас жасап, олардың проблемаларын шұғыл шешумен дәл осы әкімдіктер айналысады. Бірақ, әрдайым осылай болып жатқан жоқ. Жоғары басшылықтың өңірлерде қабылданған шешімдерді түзетуіне, тіпті, кейде солардың орнына шешім қабылдауына тура келеді. Түрлі деңгейдегі әкімдердің батыл әрі дербес қадам жасауға қабілеті жетпей жатады. Олар орталыққа жалтақтап жұмыс істейді. Бұл, негізінен, әкімдердің халық алдындағы қазіргі жауаптылық деңгейі жеткіліксіздігіне байланысты екенін мойындаған жөн. Олардың қызметіне баға бергенде өңір тұрғындарының пікірі ескеріле бермейді. Сондықтан, барлық деңгейдегі әкімдердің жұмысын бағалау тәсілін оңтайландыру керек» деген сөзі ойға оралады...

Әрине, бұл Жезді кентінің әкімі Мұратбек Жұмабековке ғана қатысты айтылған ой екен деп қабылдамаған жөн. Барлық округ әкімдері Президенттің талап үрдісінен шыға алмай отырғаны тағы бар.

## САРЫСУ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ

Ал, осы аптаның басында дәл осындай жиын Ұлытау ауданының Сарысу ауылында да өтті. Оған аудан әкімінің орынбасары Жомарт Бегаев бастаған топ барып қатысты. Жиын қалыпты сценариінен жаңылған жоқ. Сондықтан ауыл тұрғындарын мазалап отырған өзекті мәселелерді ғана теріп айтқанды жөн көрдім.

Асылында, Сарысу селолық округі өзі аттас өзеннің жағасында отырған ауыл. Кәрі тарихқа зер салар болсақ, осы Сарысу өзені өткел бермей жататынын, Еспеден ат жалдатып әрең өткен кезеңдер болғанын оқимыз. Ал, қазіргі Сарысу мүлдем басқа. Бір жылдары арнасына да толмай, арық болып жылап ағып жатқанын да көрдік. Бірақ, өзеннің аты өзен. Табынында ызасы, маңайында көзі жоқ емес. Суды зерттейтін мамандардың айтуынша Сарысу ауылының маңында жер асты суы бар. Бірақ оның қоры қанша, ішуге жарамды ма? Осы жағы зерттелмей тұр. Мұны ауыл тұрғындары алыстан ат арылтып келетін дөкейлерге сан мәрте айтты. Айтып та жүр. Бірақ, нәтиже жоқ. Нәтиже жоқ болған соң ауылға су қайдан келсін.

Алайда, округ әкімі Сәтжан Құрманбаевтың сөзіне қарағанда жер асты суын зертеп, зерделеу үшін қомақты қаржы қаралыпты. Таяу уақытта сараптама да жасалатын сыңайлы. Сәттілік болсын дейміз.

«Сәттілік болсын» дегенді



ауыл жолына қатысты да айтқанымыз жөн сияқты. Өйткені, соңғы үш-төрт жылдан бері ауылға апаратын 20 шақырым жолды жөндеуге қомақты ақша бөлініп, керемет жоспар жасалып келеді. Бірақ, одан әлі еш нәтиже шығатын емес. Әрине, таза қараусыз қалды деп айта алмаймын. Ауыл азаматтарының күшімен тесіктері топырақпен бітеліп, жыртықтары жамалып жатыр.

Міне, осы мәселе биылғы есеп беру жиынында тағы сөз болды. Мәселені ауыл тұрғыны, қауымдастық кеңестің төрағасы Ж.Әшенов көтерді. Ал оған округ әкімі үстіміздегі жылы да жолды жөндеу мақсатында ауқымды жұмыс жүргізілетінін, Түйемойнақ-Сарысу арасындағы 20 шақырым асфальт жолды жөндеу үшін сметалық жобалық құжат дайын екенін, 855 млн теңгеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетінін жеткізді.

Сарысулықтарды толғандырып отырған тағы бір мәселе бар. Ол – лиманның жайы. Округті шөппен қамтамасыз етіп отырған лимандардың жағдайы жыл өткен сайын қиындап келеді. Бұл өңірде шөп лиманнан шабылады. Топырағы отырған бөгет, суағарлары тозған жанқұлақ бәрі лиманға судың жеткілікті жиналуына кері әсерін тигізуде. Ал суы мардымсыз жерге шөптің де шығымы аз болатынын айтып жатудың өзі артық.

Бұл мәселені де ауыл тұрғындары, әсіресе шаруа қожалық иелері айтуындай айтып жүр. Бірақ, лиман жөндейтін арнайы мекеменің жоқтығы ол мәселенің шешілуіне мүмкіндік бермеуде. Басшылардың да, қосшылардың да айтары «шаруа қожалықтары бірігіп, техника жалдап лиманды көтеріңдер» дегенге саятын сыңайлы.

Лимандарға судың тапшылығынан шабындықтардың шығымы аз болуда. Әсіресе, өткен жылғыдай қуаңшылық кездері ол айқын сезіліп қалады. Соның салдарынан былтыр мал азығы да жеткілікті жиналмады. Биылғы қысқа округ бойынша 18874 тонна шөп дайындалу керек екен. Алайда шабындықтың тозуы садарынан оның 16500 тоннасы ғана дайындалған. Жоспар толық орындалмады.

Округ әкімінің есебінде ауыл тұрғыны М.Бұзауов сарысулықтар үшін Сарысу – Жезқазған бағытына жүретін автобус қатынасының қазіргі таңда өткір тұрғанын да айтты. Бұл мәселеге орай округ әкімі С. Құрманбаев мемлекеттік сатып алу талабы бойынша бірде-бір мердігердің болмағанынан халықтың бұл талабын қанағаттандыра алмайтынын, бірақ, автобус қатынасын жолға қою бойынша жұмыс жасайтынын жеткізді.

## БОРСЕҢГІР СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІНДЕ



Сарысудан шыққан топ осы округпен іргелес жатқан Борсеңгір ауылына атбасын бұрды. Мұнда округ әкімі Бауыржан Әлімбек есеп берді.

Баяндамадан соң ел өздерін толғандырған мәселелерді ортаға салды. Алғашқы болып сөз алған «Мырзабеков Ж» шаруа қожалығының басшысы Жағыпар Мырзабеков округке арнайы статист мал маманы керек екенін алға тартты. Оның айтуынша ауыл азаматы мал сату үшін ветеринариялық бөлімнен алатын анықтаманы екі-үш күн күтіп жүреді. Бірде тоқ болмай қалады, бірде база істемей қалады. Ал, мұның бәрі табысы малдың өнімінде тұрған ауылдағы ағайынға көп кедергі. Осындай маман ауылдық әкімдікте де отырса дегенді айтты шаруа қожалығының егесі.

Ж. Мырзабеков аудандық полиция бөлімі қызметкерлерінің әрекетіне де наразылығын білдірді. «Рейд барысында аудандық полиция қызметкерлері үйіме келіп, көмекшімнің құжаттарын, еңбек келісім-шартын сұраған. Мен жоқта бұлай істеу қаншалықты заңды»? дейді ол.

Көтерілген мәселелерге орай ауданнан арнайы келген ветеринариялық бөлімнің басшысы Серік Тәшенов пен полиция бөлімі бастығының орынбасары Нұрлан Қонысов жауап берді. Бірі қаржының тапшылығынан екі-үш округті біріктіріп бір статист маман ғана ұстап отырғанын айтса, екіншісі рейдтік жұмыс барысында полиция қызметкерлері жалданбалы жұмыскердің құжаттарын тексеруге құқылы екенін, мұның бәрі қауіпсіздік шаралары үшін жасалатынын жеткізді.

Жиында сондай-ақ Қонысбай Шегебай ауылда бос жүрген малдарды қамауға алу, жол мәселесін көтерсе, Сейтжан Байкенжиев ауылдағы электр желілері сонау жетпісінші жылдан бері тиісті жөндеу көрмей келе жатқанын, ауылда электр маманының жоқтығын алға тартты. Ал, Ерсайын Құсайынов лиманға су түспейтінін, себебі «Ашкезең» тоғанына күрделі жөндеу қажет екенін айтты. Ауыл жастары атынан сөз алған Мадияр Наушин ауыл ішіндегі шағын спорт алаңы тозған, жаңа спорт алаңы салынса, «Ауыл ел бесігі» жобасы аясында ауылдағы екі көшенің жолы асфальтталса, аудандық спорт бөлімі арқылы ауыл жастары арасында спорт жарыстарын өткізуге бір маман ұстайтын штат бөлінсе деген ұсыныстарын ортаға салды.

Аталған мәселелер бойынша аудан әкімінің орынбасары Жомарт Бегаев, аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Сағади Обайдуллин жауап беріп, ұсыныс-тілектерді аудан әкіміне жеткізетінін айтты.

## МИБҰЛАК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ

Мибұлақ ауылында өткен есеп беру жиналысына аудан әкімінің орынбасары Мақсұт Оспанов қатысты. Ауылдық округтің жаңа әкімі Сағындық Дәндібаев ауылдастарын атқарған жұмысымен таныстырды.

Бұл округ әкімінің де сайланғанына онша көп уақыт өте қойған жоқ. Әкімді ауыл халқы өздері қалап сайлағандықтан ба, есебіне орай «мұның қалай» деген жан болған жоқ. Тек ауыл ақсақалы И.Оразбеков бірқатар ұсыныстарын айтып, жанашырлық танытты. Соның бірі ауылда иесіз жатқан үйлерді жөндеп, тұрғындарға беру мәселесіне қатысты болды. «Иесіз жатқан дүние жоқ екенін есте ұста. Ертең сен ол үйлерді жөндеп, жұтындырып қойғанда иесі де табыла қалады. Сондықтан ең әуелі үйді әкімдіктің балансына ал. Оны «иесіз» деп заңды түрде жарияла. Сосын барып жөнде» деп ағалық ақылын жеткізді. Ауыл ақсақалы көтерген екінші бір мәселе жерге қатысты болды. Қазір ауылда шабындық та, жайылымдық жер де тапшы. Көбі шаруа қожалықтарының иелігінде. Осы жер мәселесі тағы бір мәрте сарапталса дейді ауыл тұрғыны.

Ал, Кәдірбек Сақтыбаев округте шаруа қожалықтары көп, мал егіп, емдеуге мамандар жетіспейді. Тағы да штат бөлінсе дегенді айтты. Жасұлан



Өксікбаев бүгінде округтен жер алатындарың қатары көбейіп келе жатқанын, олардың бұрыннан жері бар шаруа қожалықтарына таяу орналасып жатқанын, одан ертең дау-дамай шықпай ма деген күдігін алға тартты.

Көтерілген мәселелерге орай аудан әкімінің орынбасары Мақсұт Оспанов пен ауданнан келген мекеме басшылары өз салалары бойынша жауап беріп, барлық жұмыстардың бәрі тек заң шеңберінде атқарылып жатқанын жеткізді.

***Хош. Сонымен, ауыл әкімдері ел алдында есептерін осылайша беріп жатыр. Егер, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылы бекіткен орталық атқарушы органдар басшылары мен әкімдердің халыққа есеп беру кездесулерін өткізудің жаңа тәртібіне сүйенсек, біздің көштен көп кейін жатқанымызды көруге болады. Бір ғана мысал, жаңа тәртіпте «Барлық деңгейдегі әкімдер жыл сайын бірінші тоқсан ішінде халыққа есеп беру кездесулерін өткізсін, олардың барысында елде іске асырылып жатқан реформалар, өңірді одан әрі дамытудың міндеттері мен негізгі бағыттары, проблемалық мәселелер және оларды шешу бойынша жоспарлар туралы хабардар етсін. Есеп беру кездесуі өткізілуінен бір күн бұрын және есеп беру кездесуі өткізілгеннен кейін азаматтарды жеке қабылдау өткізіледі» делінген... Арғы жағын өздеріңіз пайымдай беріңіздер.***

**Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.**

*Суреттерді түсірген **автор.***

# САРЫКЕҢГІР СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ МАЛШЫБАЙ СЕЛОСЫ ӘКІМІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

**Ерғазы АЯНБАЕВ,** ***Малшыбай селосының әкімі***

***Малшыбай селосы Жезқазған қаласынан 91 шақырым қашықтықта орналасқан. Қазіргі таңда ауылдық округте 91 отбасында 346 адам тұрып жатыр. Экономикалық белсенді халық – 192 адам.***



**Малшыбай селосы әкімінің аппараты**

Село әкімдігі ауыл экономикасының негізін құраушы шаруа қожалықтарын құру мен дамытуға, ауылдағы кәсіпкерлікті ынталандыруға ерекше көңіл бөледі. Бүгінгі күні селолық округте **87** шаруа қожалығы **3** жеке кәсіпкер тіркеліп оның **65-і** жұмыс жасауда. Селоның жалпы жер көлемі **331128** гектарды құрайды, оның ішінде **218,114** гектар ауыл шаруашылығына пайдалануда және 405 гектар шабындық.

Малшыбай селосында жеке кәсіп ашып, оны дамытуға, бизнесті өркендетудің тұрақты көздерін қалыптастырып, жеке инвестицияны ынталандыру және нарық еркіндігін қолдау мақсатында **12** шаруа қожалығы мемлекеттік бағдарламаларға қатысты. Оның ішінде: **9** шаруа қожалығы ірі-қара малдарын асылдандыру бойынша субсидия алды. **2** жеке тұлға «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» арқылы **6,5** млн. теңге алды.

Ауыл негізінен мал шаруашылығымен айналысады. Былтырғы жылмен салыстырғанда МІҚ 2,7%, қой-ешкі 1 0,6%, жылқы 1,9% өсті. Бұл селоның ауыл шаруашылығының дамып келе жатқанын көрсетеді.

Сонымен қатар жұқпалы ауруларға қарсы егіп-емдеу, оларды анықтау мақсатында қан алынып, тексеру жұмыстары кесте бойынша жалғасуда.

Ауылымыздағы мал басының жағдайы келесі кестеде көрсетілген:

| | *01.01.2021 ж.* | | | | *01.01.2022 ж.* | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **МІҚ** | **Қой-ешкі** | **Жылқы** | **Түйе** | **МІҚ** | **Қой-ешкі** | **Жылқы** | **Түйе** |
| Шаруа қожалықтары | 1969 | 5573 | 2581 | 18 | 2506 | 6928 | 3472 | 20 |
| Жұртшылық шаруашылығы | 415 | 809 | 623 | - | 415 | 809 | 623 | - |
| **Барлығы** | **2384** | **6382** | **3204** | **18** | **2921** | **7737** | **4095** | **20** |

2021 жылы селолық округ бойынша шөп шабу, жинау жұмыстары жүргізілді. Шаруа қожалықтары толық мал азығымен қамтылды.

2021 жылға жоспарланған жұмыстар бойынша «Жезқазған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» мемлекеттік мекемесі арқылы, ТОО «Arujan Senim Stroy» Малшыбай селосы ауыз су құбырларына, сметалық құны **6 млн 264 мың теңге** көлемін құрайтын жөндеу жұмыстары жүргізілді. Селомызды көркейту мақсатында **3 млн 1 жүз мың теңгеге** ауыл саябағына жарық орнатылды.

Биылғы жыл бойынша 860 гектар құрғақ шөптің өртенуі анықталды. Төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлері мен Малшыбай ауылының ерікті өрт сөндіру жасақтарының күшімен өрт толығымен жойылды. Адам, мал шығыны жоқ.

Село тұрғындарына ауыз су үздіксіз беріліп тұрады. Қазіргі уақытта ауылда 14 колонка және 8 өрт сөндіру гидранты жұмыс істеуде.

Селолық округте жоспарға сәйкес 5 адам жер телімін алып оның ішінде 1 адам үй салу жұмыстарын бастады.

Жезқазған қаласының төтенше жағдайлар басқармасының мамандарымен өрт қауіпсіздігі бойынша оқу-жаттығулар жүргізіліп, ауыл тұрғындарына ескертпе қағаздар таратылды .

Селолық округтегі шаруа қожалықтарымен бірлесіп, 8 гектар жерден картоп өнімі және 2 гектар жерден көкөністер өндіріліп алынды.

Малшыбай ауылында **«Ашық бюджет»** жобасы аясында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында, ауыл тұрғындарымен әлеуметтік жүйе арқылы тікелей эфирде ақпараттық жұмыстар уақытылы жүргізілді және сақталған бейнероликтер 300-ден аса қаралым жинады.

Цифрлық Қазақстан бағдарламасын іске асыру және электрондық мемлекеттік қызметтерді кеңінен тарату аясында Малшыбай селосының әкімдігінде орналасқан өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышына келіп ауыл тұрғындары онлайн мемлекеттік қызметтер алды. Атап айтқанда: 1 жас отбасы неке қию туралы анықтамаға өтініш беріп неке куәлігі алынды, 1 жеке кәсіпкер ретінде қызмет бастауға онлайн өтініш білдірді, 37 электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) алынды, 16 тұрғылықты мекен-жай бойынша тіркелді, 54 – әр түрлі анықтамалар алынды, 1 – некеге тұру туралы куәлікті қайталап алуға өтініш берілді. 9 – халыққа қызмет көрсету орталығына (ХҚКО) онлайн кезек алынды.

Селолық округтегі елді мекендер «Казақтелеком» телефон байланысымен және «Beeline» ұялы байланысымен қамтамасыз етілген. Әкімдік пен мектеп интернет желісіне қосылып жұмыс істеуде.

Ауыл ішінде санитарлық тазалық жүргізуге **500 мың теңге** қаражат жұмсалды.

Автомобиль жолдарын күтіп ұстауға – 500 мың теңге қыс айларында қар тазалау жұмыстарына жұмсалды.



**№15 Малшыбай негізгі мектебі.** Жалпы мектепте қазіргі таңда 31 оқушы тәрбие-білім алуда. Оларға 12 ұстаз дәріс береді. Ауыл мектебі түгелдей компьютермен қамтамасыз етілген, мектеп интернет желісіне қосылған. 15 орындық шағын орталық жұмыс істейді, қазіргі таңда 5 бала тәрбиеленуде.

№15 Малшыбай негізгі мектебіне жылу қазандығы арқылы жылу беріліп тұр. Мектеп толықтай отынмен қамтылған. Күнделікті температура сақталып, қадағалануда.

Мектеп спорт залы оқушыларға қажетті барлық спорттық құралдармен жабдықталған. Ауыл азаматтары кешкі бос уақыттарын мектептің спорт залында түрлі спорттық ойындарын ұйымдастырып уақыт өткізе алады.

Селолық округте бүгінгі таңда С. Сейфуллин атындағы кітапхана филиалы тұрғындарға қызмет көрсетуде. Жергілікті бюджет есебінен кітап қоры жыл сайын толықтырылуда, бүгінгі таңда кітап қоры – 5425 данаға жетті, оның ішінде мемлекеттік тілде – 5270 кітап.

Селолық округте Мәдениет үйі жұмыс атқаруда, мерекелік кештер және қолөнер үйірмелері жұмыс істейді.

Малшыбай селосында 29 жасқа дейінгі 37 жас тіркелген, олардың 12-і әртүрлі мамандықтар бойынша білім алуда.

Биылғы жылы ауылға 1 отбасы қоныстанды. Патронаттық тәрбиеге 4 бала алынды және 4 ауыл тұрғыны тұрақты жұмыспен қамтылды. Атап айтатын болсақ ауылдың медициналық пунктіне күзетші және техқызметкер, мәдениет үйіне техқызметкер сонымен қатар, ауыл мектебіне техқызметкер болып жұмысқа орналасты.

Қазіргі өзекті мәселелердің бірі – қауіпті вирустың алдын алу жолы вакцина алу болғандықтан, ауыл халқына қолайлы бір күнді белгілеп мобильді вакцинациялау тобы ауыл тұрғындарына қызмет көрсетті. Қазіргі таңда ауыл тұрғындары толықтай вакцинациялаудан өтті деуге болады.

Жезқазған қаласының полиция басқармасы жергілікті полиция қызметі бөлімінің учаскелік инспекторы мен Малшыбай ауылы әкімдігі мамандарымен бірлесіп, ауыл тұрғындарына Қарағанды облыстық мәслихатының 2021жылғы 25 ақпандағы №32 шешімімен бекітілген «Қарағанды облысының аумағында ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың қағидалары» талаптары туралы ескертпе таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

2021 жылдың 1 қыркүйегінде басталаған онлайн санақ бойынша ауыл тұрғындары толықтай санақтан өтті. 1 қазаннан бастап ауыл сыртындағы шаруа қожалықтарын интервьюрлер тарапынан жаппай санақтан өткізу жұмыстары жүргізілді.

Селолық округте шағын туризмді дамыту мақсатында, ауыл тұрғыны зейнеткер Манат Шаймерденов тарихи ескерткіш Алаша хан мазарының тұсындағы өзен жағасына киіз үй құрып, ауылға келген қонақтарға ақылы түрде жалға берді.

## 2022 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАНҒАН ЖҰМЫСТАР

Жезқазған қаласы әкімінің «Үздік бизнес жоба – 2021» байқауында «Алаша хан кесенесінің туризмін дамыту» атты жобасымен байқауға қатысып, грант иегері атанған жас бизнесмен Малшыбай ауылында, өзен жағасына екі киіз үй құрып, ақылы түрде жалға беріп, туризмді дамытатын болады.

Малшыбай ауылының тұрғыны, Жезқазған қаласының жұмыспен қамту орталығы арқылы, мемлекеттік бағдарламаға қатысып, ауылды нан өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында шағын наубайхана ашу жоспарлануда

Малшыбай ауылының саябағына көше тренажерын орнату үшін жергілікті бюджеттен **4 млн 96 мың теңге** бөлінді.

Әкімшіліктің ұйымдастыруымен, ауыл тұрғындарына қыс мезгілінде оңай жолмен құнарлы мал азығын табу үшін, шаруа қожалығы иелеріне гидропоника әдісімен арпадан көк шөп шығару жұмыстарын көрсетіп, түсіндірілуде. Гидропоника дегеніміз – топырақсыз жабық ауа кеңістігінде, әлсін-әлсін су беру арқылы өсіру. Қазіргі кезде ауыл тұрғындарына, арнайы бұрышта өсірілген көк шөпті малдарға тұтыну үшін берілуде.

# ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫН АЛМАҚ

***«Дидар» телеарнасында өткен кезекті брифингте құрылыс бөлімінің басшысы Мәруа Келмағанбетова өткен жылы атқарылған жұмыстар және алдағы жоспарлармен таныстырды.***

Бөлім басшысының айтуынша, былтырғы жылға бекітілген құрылыс-монтаждау жұмыстары көлемінің жылдық жоспарына 24,7 млрд теңге бөлінген. Бүгінде аталған соманың 22 миллиарды игерілген.

2017 жылы 5,5 гектар жер аумағы бөлініп, көп қабатты тұрғын үй құрылысына және инженерлік желілер тартуға қала бюджеті есебінен құжаттар әзірленді. Көптен тоқтап тұрған қаладағы көп қабатты тұрғын үйдің құрылысы 2018 жылдан бастап қайтадан жанданғаны белгілі. Соған сәйкес батыс ауданда жаңа ықшам аудан құрылысы басталды. Биыл Гагарин көшесіндегі 70/1, 70/3 және Алашахан даңғылындағы 34 Н, 34 П, 34 З мекенжайларындағы 6 қабатты үйлерге инженерлік желілер тартылып, абаттандыру жұмыстары басталады. Аталған жұмыстар кезең-кезеңімен 2023 жылға дейін жалғасады.

Өткен жылы 26,5 мың шаршы метр үй пайдалануға берілді. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5,4 мың шаршы метрге артық. Оның ішінде «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша жалпы ауданы 9,7 мың шаршы метрді құрайтын үш қабатты, 108 пәтерлі тұрғын үй жалдамалық, одан бөлек екі үй несиелік әдіспен тұрғындар игілігіне берілді.

Биыл да мемлекеттік және коммерциялық негізде салынған үйлер тұрғындардың игілігіне берілетін болады.

Қалада салынған барлық құрылыс нысандарының есебін түгендеген бөлім басшысы тағы бір жағымды жаңалығымен бөлісті. Мемлекеттік конкурс соңы қарсы тараптың шағымымен сотқа ұласып, біраз уақыт құрылысы тоқтап тұрған 320 орындық дене шынықтыру-сауықтыру кешені сәуір-наурыз айында қайта жанданады. Сот процесі кезінде құрылыс материалдарының біршама қымбаттағанына байланысты жобалық-сметалық құжатқа қайта түзетулер енгізіледі.

Көлік жүргізушісі куәлігін алу үшін облыс орталығына бару уақыт алып, айтарлықтай титықтатаны белгілі. Алдағы уақытта бұл мәселе оң шешімін таппақ. Атап айтсақ, Жезқазған-Ұлытау аймағы тұрғындарын автокөлік құралдарының барлық санаттарындағы жүргізуші куәлігіне оқыту және практикалық емтихан тапсыру бойынша курсанттарға арналған павильоны бар автоматтандырылған автодром құрылысының жобасы әзірлену үстінде.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

## АҚПАРАТ АРНАСЫ

### МӘЖІЛІСТЕ ЖЕКЕ ҚОСАЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

***Шағын ауыл шаруашылықтары кәсіпкерлік емес қызмет түріне жатқызылады. Яғни, адам жалдап, жұмыс істетпейді. Тиісінше оларға салық салынбайды. Бүгін Мәжілісте жеке қосалқы шаруашылықтар туралы заң жобасы таныстырылды.***

Құжатта жергілікті билікке қосымша құзырет беру де көзделген. Шенділер өндірістік инфрақұрылымды дамытуы шарт. Ал, қазір шаруалар мемлекеттік қолдаудан қағылып отыр. Жеңілдіктер ірі бизнес субъектілеріне беріледі. Ауылдағы ағайын жалпы ішкі өнімнің 75 пайызын өндіреді. Бірақ, арзанға сатуға мәжбүр. Екі ортада делдалдар пайдаға кеneліп отыр. Елді мекендерде 8 млн адам тұрады. Соның тек 500 мыңы жұмыс істесе, қалғаны төрт түлікпен күн көруде. Демек, жайылымдардан тапшылық болмауы тиіс. Алайда, 13 млн гектар жетіспейді. Қазір бары 21 млн гектар өріс. Жерді мемлекет меншігіне қайтару бірте-бірте жүргізіліп жатыр. Жалпы, елдегі малдың жартысына жуығы жеке қосалқы шаруашылықтардың қолында. Демек, ауыл өнімдерінің үлкен қоры бар. Енді, солардың жұмысын жүйелі жүргізу үшін заңдық негіз болуы керек,– деді сала министрі.

### САЛЫҚТЫҢ БІРНЕШЕ ТҮРІ ӨҢІРЛЕРДІҢ БЮДЖЕТІНЕ БЕРІЛЕДІ

***Келер жылы салықтың бірнеше түрі өңірлердің бюджетіне берілуі мүмкін.***

Ұлттық экономика министрлігінің мәліметінше, бұл тізімге жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы, республикалық маңызы бар ерекше қорғалған табиғи аумақтар үшін төлем, көліктердің жолда жүру алымы кіреді. Мамандар алдағы уақытта тізім толығуы мүмкін екенін айтады. Бұған дейін Президент бюджетаралық қатынасты заңнамалық деңгейде түбегейлі реформалауды тапсырған еді.

### РЕКОРД: БЫЛТЫР БАСПАНАЛЫ БОЛУ ҮШІН 601 МЫҢНАН АСА ТҰРҒЫН ДЕПОЗИТ АШҚАН

***Былтыр тұрғандар үй алу үшін депозитке 61 млрд 700 млн теңге аударған. Күні кеше 1 млн 700 мыңнан аса азаматтың «Отбасы» банктегі шотына мемлекеттік сыйақы түсті. 116 мың теңгеден аса ақша 382 мың тұрғынға аударылды.***

Бұл – мемлекеттік сыйақының ең жоғары мөлшері. Бұл азаматтар былтыр есепшотына кемі 583 мың теңге жинаған. Былтыр 601 мыңнан аса тұрғын баспаналы болу үшін депозит ашқан. Мамандар мұны рекордтық көрсеткіш деп отыр. 34 мың адам зейнетақы қорындағы артық ақшасын осы депозитке аударып үлгерген. Қазір онда 55 млрд теңге жатыр.

«Отбасы банк» өкілдерінің сөзінше, салымшы депозитте 3 жылдан аз уақыт ақша жинап, оның шартын мерзімінен бұрын бұзған жағдайда мемлекеттік сыйақы бюджетке қайтарылады.

### ҚАРАҒАНДЫДА БРАКОНЬЕРЛЕРДЕН 844 КИІК МҮЙІЗІ ТӘРКІЛЕНДІ

***Қарағандылық полицейлер ірі көлемде киік мүйізін тәркіледі. Жаңаарқа ауданында жедел алдын алу шаралары кезінде мүйіз сатумен айналысып келген топ туралы ақпарат анықталған.***

29 жастағы азаматтың көлігін тінту кезінде одан 844 киік мүйізі тәркіленді. Бұл дегеніңіз 422 түз тағысын браконьерлер қынадай қырған деген сөз. Күдікті уақытша ұстау изоляторына қамалды. Қазір оның екі сыбайласы да ұсталды. Аталған факт бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 339 бабы 1-тармағына сәйкес қылмыстық іс қозғалды. Бұл баптың санкциясына сәйкес мүлкін конфискациялай отырып, үш жылдан бес жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделген.

*(Ұлттық арна сайтынан алынды)*

# Тарпаң тірліктің тынымсыз торысы

***Журналист – жазушы да, ақын да емес, сондықтан да болар кітаптары жиі шыға қоймайды. Мүлдем кітап шығармайтындары да кездеседі. Бұл олардың елге ұсынатын дүниесінің жоқтығынан емес, соған мойны жар бере қоймағандығынан, тіпті, одан әрі нақтылай түсетін болсақ, қолы тие бермейтіндігінен. Кейбір оқырманның көкейіне «Неге? Қолы тимейтіні қалай?» дейтін сұрақтар келе қалуы мүмкін. Мұны қалай түсіндірсем екен?***





Мысалы, ақын өлеңді шабыты келгенде ғана жазады, жазушы да солай. Ал, журналист ше? Ол күнде жазуға мәжбүр. Жазғанда да ойдан шығарып жаза бермейді, нақты фактіні арқау етеді. Бұл үшін ең алдымен, сол фактіге қол жеткізу керек, сосын оны ой елегінен өткізіп, пісіріп алмаса болмайды. Әйтпесе, кесек-кесек дүниелер түгілі, шағын ақпараттың өзі дұрыс жазыла қоймайды. Бірде бір кісінің «Сыбайласқан жемқорлардың, сосын газеттің құлқыны өмірі толып болмайды» дегенін естігенімде жағамды ұстағанмын. Жемқорлар елдің несібесін жымқырып тоймайтыны белгілі ғой, ал, газет байғұстың жазығы не? Сөйтсем, әлгі кісі салыстыруы соншалықты сәтті бола қоймаса да, газеттің бір жазғанын қайталамайтын ерекшелігіне орай, әр нөміріне соны ақпарат, жаңа дүние ұсынатын журналистердің жанкешті жұмыстарын айтып отыр екен ғой. Құлқынының осындай «тойымсыздығы» бар газет редакциясында еңбек етуді, жұмыс істеуді менің ұстазым Амандық Рахұлы «Тарпаң тірлік» деп атайды. Осыдан он жыл бұрын шығарған кітабына да осындай атау берді. Кітапты оқымай-ақ, жәй ғана парақтап шықсаңыз, мұның нағыз журналистің дүниесі екендігін байқайсыз. Көкейдегіні тесіп айтқан «Ұрымталдардың» өзі неге тұрады? Елдің, жердің дамуына, өсіп-өркендеуіне қатысты проблемалық мақалалар ше? Жақсылар мен жайсаңдардың портреттері бейнеленген очерктер өз алдына бір төбе. Тіпті, Аужекеңнің ертеректе жазған бірді-екілі өлеңдері де оның журналистикаға кездейсоқ келмегендігін айғақтайды. Өйткені, балаң көңіл, жастық шақ қай журналиске алдымен өлең жаздырмады дейсіз? Аужекең де өлең жазған. Бәлкім, кейін журналистиканың қалың қопасына түсіп кетпегенде, кім біледі, ел аузында жүретін ақындардың біріне айналар ма еді? Бұлай ойлауға сол «Тарпаң тірліктегі» өлеңдері куә.

Кеңестік кезеңнің кереметі, бала біткен институт, техникумға түсуге міндетті саналмайтын. Біреулері «он жыл әзер оқығанда енді қайдағы оқу» деп ауылдың қара жұмысына бел шеше араласып кететін, ал, енді біреулерінің ынта, ықыласы болғанмен, отбасының жағдайы көтере қоймайтын. Біздің кейіпкер мектеп бітіретін жылдың көктемінде біресе өлең, біресе мақала жазып, бұлары бірінен соң бірі жарияланып жататын аудандық «Жаңаарқа» газетінің редакциясының табалдырығынан алғаш рет аттады. Бұл оның журналистика әлеміне енуінің басы болатын. Редакциядағылар қызық екен, нақ бір осыны күтіп отырғандай, бәрі бауырына тарта сөйледі. «Мектепті биыл бітіресің бе? Сәтін салса, Алматыға аттанғалы жүр екенсің ғой. Сен асығыстық жасама, бір жыл болса да, газетте жұмыс істе. Тілші болмай-ақ қой, жұмысты корректорлықтан баста. Сөйтіп жүріп-ақ жазуға машықтанасың» деген ағалардың сөздеріне іші жылып қалды. «Алматыға барсам, КазГУ-ге оқуға түссем» дейтін ішкі арманымен да тайталасып көрді. «Жұмыс табылып тұрғанда, анама нанымды жегізгенім де дұрыс емес пе?» деген ол әрі-бері ойланып, ақыры, абитурент болуды келесі жылға қалдырып, соңғы қоңыраудан соң «Жаңаарқа» газетіне корректор болып жұмысқа тұрды. Газетке шығатын барлық материал корректордың қолынан өтеді. Аужекең қаріп қатесін ғана қарамайды, жазылуына да мән береді. Кейде кәдімгідей «осы жері қалай?» деп авторларына көрсетіп те алады. Бірі келіседі, енді бірі «бара берсін, бастықтар қол қойған дүние ғой» дей салады. Міне, жауапкершілік деген қандай? Ол осыларды көріп, көңіліне түйе жүріп, тәжірибе жинақтай бастады. Газеттің бас редакторы «Сен түбі журналист болуға тиіссің, сондықтан, бірыңғай бет оқумен отырып қалма, осындағы ірілі-ұсақты мекемелерге барып, материалдар ұйымдастыр, мақалалар жаз» деп қосымша тапсырма беретін. Бұған ол қуанбаса, ренжімейтін. Бір жағы қаламы төселеді, екіншіден, елмен, жұртшылықпен таныс-білісі артады, үшіншіден, корректордың айлығына қосымша қаламақы алады. «Бір жүріп, үш жеп биге шығу» десе де болғандай. Осылайша бір жыл редакцияның «отымен кіріп, күлімен шыққан» Амандық келесі жылы Алматыға аттанды. Арманы орындалды. КазГУ-дің студенті атанды. Бірақ...

Ауылда қалған анасының жай-күйі, ол кісінің денсаулығы ойынан шықпай қойды. Шынын айтқанда, бір жылға әзер шыдады. Курстастары «Күзде кездескенше!» деп жатқанда бұл ішінен өзінің қайтадан аудиторияға келіп отырмайтынын біліп тұрды. Кеңес өкіметі адамды жасынан-ақ еңбекке баулитын. Мектеп қабырғасында оқушыларға түрлі мамандықтарды оқытатын. Міне, соның көмегі тиді. Ауылға келді де трактордың руліне отырып, шаруашылық жұмыстарына араласып кете барды. Сөйтіп жүргенде... әскерге шақырту келді. «Отан қорғау – азаматтық міндет». «Екі жыл екі күндей болмай» өте шықты. Азаматтық парызын өтеп келді де, қайтадан сол тракторға отырды. Мұның жұмысқа ұқыптылығын білетін басшылар қуанып қалды. Партком хатшысы қоярда қоймай партия қатарына өтуге үгіттеп, ақыры көндірді. «Жас коммунист» деп жаңа трактордың кілтін ұстатты. Әжептәуір абыройы асып, «озат тракторист» ретінде аты шыға бастады. Дегенмен, қолы қалт еткенде қалам ұстауды да ұмытпады.

Өзіне ұнаса да, бұл «жүрісі» редакциядағыларға ұнамады. Олар көз алдарында келешек мықты бір журналистің шаңға көміліп бара жатқанын сезінгендей болды. Редактор жұмысқа алғысы келіп, көне қоймағасын, кеңшардың басшыларына қолқа салып еді, олар тіпті маңайлатпады. «Өзімізге де керек» деді. Ақыры редактор амалын тапты, аудандық партия комитетінің үшінші хатшысы арқылы редакцияға алдырды. «Сен тракторист емес журналист болуың керек» дегенді шегелеп тұрып түсіндірді. Мәдениет пен өнер бөлімінен тілшілік жұмыс ұсынды. Жалақысы да тым тәуір, қаламақыны жазуыңа қарай аласың. Жұмысқа жанын сала кірісіп кетті. Хат қорыту керек пе? Мақала дейсіз бе? Бәріне дайын. «Хат қорыту» демекші, ол уақытта екінің бірі редакцияға өлең, әңгіме жолдап жатады. Қазіргі алты алашқа танымал ақтангер ақын Ғалым Жайлыбайдың алғашқы тырнақалды өлеңдері осы Амандықтың қолынан өткенін бүгінде кім біліп жатыр? Кейбірін газетке жариялайтын, кейбіріне «Өлеңдерге шолу» жасағанда пікірін білдіретін. Редакцияға орналасқан соң, КазГУ-дегі үзіліп қалған оқуды сырттай бөлімге ауыстырып алды. Сөйтіп, еңбек ете жүріп оқыды. Мұның пайдасы болмаса еш зияны тиген жоқ. Журналист ретінде ысыла түсті. Жауапкершілігі жоғары, жұмысында мүлтігі жоқ ол қызмет баспалдағымен тез көтеріле бастады, арада шамалы уақыт өткенде бөлім меңгерушісі болып тағайындалды. Сол кезде газеттің жауапты хатшысы Марал Хасенов болатын. Ол Ақадыр ауданында жаңадан ашылған газетке редактор болып тағайындалғанда, «бөрі бөлтірігін тістей кетеді» демекші, Амандықты газеттің жауапты хатшысы етіп, өзімен бірге ала кетті. Марал Хасенов қазақ, орыс тілдеріне жетік журналист, шебер аудармашы еді. Қос тілді қатар меңгерген мамандар ол тұста саусақпен санарлықтай болатын. Ол Амандықтың да редакцияның қай жұмысына болсын қамшы салдырмайтын қағылездігін аңғарып жүрсе керек-ті. Көп ұзамай редактордың орынбасары болып жоғарылады. Жеті-сегіз жыл қолтықтаса қызмет атқара жүріп Мәкеңнен үйренгені көп болды. Әсіресе, орыс тіліне су төгілмес жорғалығы болмаса да, анау-мынау орысыңды жаңылдыратындай деңгейге жетті. Сондықтан да, 1983 жылы қос тілде шығатын Приозерный аудандық «Ленин жолы», «Ленинский путь» газеттеріне редактор болуға ұсыныс түскенде бас тартқан жоқ. Қазақтың «отызында орда бұзбаған» дейтін шағында тұрған кезі ғой, неден тартынсын?! Тәуекел етті. Содан екі жыл қостілді газетке басшылық етті. 1985 жылы бұрынғы Жезқазған облыстық партия комитеті Амандық Рахұлын «Жезқазған туы» газетіне бөлім меңгерушілігіне шақырды. Көшіп-қону да оңай емес, бірақ, коммунист ретінде партияға бағынбасаң тағы болмайды. Партия жарықтықтың кейде әп-әдемі уәде беріп, бірақ, соңын сиырқұйымшақтатып жіберетіні де болушы еді. «Пәтер болады» деген сөздің ұзаққа созылатын түрі байқалды. Обкомдағы көкелерге «Мен қызмет қуып жүрген адам емеспін, шақырған өздеріңіз, болса болды, болмаса келген жеріме қайтайын» дегенге шейін айтуға тура келді. Олар болса «шыдай тұрмен» шығарып салудан шаршамады. Тіпті, бірде ашықтан ашық әділетсіз орын алды. Жезқазған қалалық атқару комитетінің төрағасы Г. Шатохин «Жезқазған туы» газетіне бөлініп, Амандық Рахұлына берілгелі тұрған пәтерді «расширение» деген желеумен «Джезказганская правданың» қызметкеріне беру туралы шешім шығартып жіберді. Бір қызығы, кейін белгілі болғанындай, өзіне жаңа пәтер бөлінгенінен әлгі қызметкердің түк хабары болмай да шықты. Біреу тиесілі пәтерін ала алмай жүреді, енді біреуге биліктегілер сыртынан пәтер «сыйлап» жатады. «Кеңес уақыты әділетті болды» дейтіндер осындай сәттерді еске түсіріп, ойланып сөйлегендері де абзал-ау.

«Горисполкомға» кеткен Аужекеңді редакциядағылар пәтер алуымен құттықтағалы жиналып отыр еді. Оның түсі қабарып, қабағы қату оралғанын көріп, мән-жайға қаныққан соң, бәрі де әділетсіздікке күйінді. Бірақ, қолдан келер не шара бар? Сол жерде әлдекім «ЦК-ға хат жазу керек» деп қалды. «Жезқазған қаласында пәтер әділетсіздікпен бөлініп жатыр» деген мазмұндағы телеграмма республика бірінші басшысының атына жолданды. Жұма күнгі кештетіп жолданған телеграммаға ертесіне «Жезқазған обкомына мәселені қарау туралы тапсырма берілді» деген жауап келді. Ал, дүйсенбі күні алдыңғы шешім бұзылып, пәтер А. Рахұлына берілді. Егер сол күндері телеграмма жолданбаса, оған шұғыл түрде назар аударылмаса, Амандық Рахұлы облыстық газетті тастап, Приозерскіге қайтып та кетуі мүмкін еді-ау. Егер солай болғанда ше? Мұны ойлаудың өзі қиындау. Басқасын айтпағанда, өз басым Амандық Рахұлымен таныспайтыным, бірге жұмыс істемейтінім, ол кісіні өзіме Ұстаз тұта алмайтыным анық еді.

Мен 1991 жылы Көкшеден Жезқазғанға ауысып келгенде, Аужекең облыстық «Сарыарқа» газетінде партия тұрмысы бөлімін басқарады екен. «Партияның көмекшісі» саналатын комсомолдың жұмысын көрсету жүктелді де, бас редактор Сабыр Сауытбаев ағамыз мені Аужекеңнің қасына отырғызды. Шағын ғана бөлмеде бір-бірімізге қарсы отырамыз. Айналатын жер жоқ. Жаңа жерге кірігіп кету оңай емес екен. Бұрын мақала дегенді шылым шегіп жүріп-ақ жазып тастайтын едік... Обалы нешік, Аужекең берген хатты лезде қағып тастаймын. Бірақ, өз атымнан ештеңе жазыла қоймайды. Егер факт болмаса қалай жазасың? Мақала – өлең емес қой.. Бір ғажабы, бастығым тықақтай қоймады. Дегенмен, бірде ақырындап қана «Сен бұрын облыстық газетте істеген журналистсің. Көкшедегілердің пікірі жоғары. Кабинеттен шығу керек. Бір отырып қалсаң, соған үйреніп те кетуің мүмкін» деді. Қайда бару керек, кіммен сөйлесу керектігіне шейін алдымен өзі келісіп алып, «Жақында келген жігіт қой, дұрыстап түсіндіріңіз» деп телефон арқылы арғы жақтағы кісімен келісіп жататын. Сосын «осындай-осындай сұрақтарға мән бергенің дұрыс» дегенді де еске салып жіберетін. Бұл Аужекеңнің мені жаңа ортадағы ахуалды неғұрлым кеңірек түсінуге, қайда бара жатқанымды ұғынуға деген қамқорлығы еді. Ағаның ақылы, кеңесінің арқасында бірте-бірте қазақшалап айтқанда, «адам» болып кеттік қой.

Облыстың тарайтынын кім білген? Соның алдында ғана облыстық әкімдікке қызмет ауыстырған еді. Бір жыл өтер-өтпесте облыс тарады да, кешегі облыстық газеттің ұжымы түгелдей жұмыссыздар қатарына қосылды. Облəкімдік жойылған соң, Аужекең де жұмыссыз қалған еді. Обалы нешік, Жезқазған, Сәтбаев қалаларының ақсақалдары облыс тарағанмен, халықтың орнында қалғанын алға тартып, бұрынғы облыстық газеттерді қалалық газеттерге айналдыру туралы жаңа облыстың басшыларына талап қойды. Ақыры, «Сарыарқа» қалалық газет болып қайта жарық көрді. Амандық Рахұлы газетке редактордың орынбасары болып тағайындалды. Жаңа газеттің алғашқы шығарылымын көрген көпшіліктің көңілі ертесіне су сепкендей басылды. Газеттің нөміріне қол қойған редактор өмірден озыпты. Суық хабар дене түршіктірді. Бар жауапкершілік енді редактордың орынбасарына ауды. Жағдай болса – анау, аяғынан тұрмаған газетті шығару оңайға түспеді. Бірақ, қаншама жылғы жинақтаған тәжірибе қиын сәтте көмекке келді. Шыдамдылық танытты. Біртіндеп штаттық кесте де ұлғайтылды. Сырт қалып қойған журналистер жұмысқа шақырылды. «Сарыарқа» аты қалалық дегені болмаса, аймақтың басты газетіне айналды.

Бес жылдан аса басшылық жасаған соң, «Сарыарқаның» редакторлығын басқа қолға тапсыруға тура келді. Құрылтайшылардың жұмысына мән

берместен, сондай шешім қабылдай салатыны да болады. Бірақ, журналист болғанның бір жақсы жері, оның қызметін алғандар, қаламын тартып ала алмайды. Редактор болып жүрген кезінде де қаламы қолынан түспейтін Амандық Рахұлы облыстық «Орталық Қазақстан» газетіне аймақтың меншікті тілшісі ретінде қызметке кірісті. Не жоғалтты? Ештеңе де. Керісінше, жазуға еркіндік алды. Бұрынғыдай, «газеттің таралымын қаншаға жеткіземін, қаржысын қайдан табамын?» деп бас қатырып жатпайтын болды. Осылайша, бес-алты жыл «еркіндікке» үйреніп қалып еді, «Қазақмыс» корпорациясы тарапынан «Мысты өңірге» басшылыққа келу туралы ұсыныс айтылды. Бұл сырттай қарағанда, айдарынан жел есіп тұрған газет секілді еді, сөйтсе, сыртқа жүнін қампитқанмен, іші қуыс болып шықты. Баяғыда облыстан кейінгі «Сарыарқаны» 5 млн теңге қарызбен қабылдаған болса, мұндағының берешегі бақандай 10 млн теңге екен. Мұның үстіне ұжымның іші ала-құла. Айналдырған алты-жеті адам бір-бірімен алагөз. Соның бәрінің ретін тауып, жөнге салу Аужекеңнің жүйкесіне біраз салмақ салғанын сол жылдары қатар қызмет атқарғандықтан жақсы білемін. Басшы ретінде осындай-осындай қисықтарды түзетумен айналысып, дұрысын айтқанда, адамын аштырыспен келмегендермен арпалысып жүріп те, ол газет бетінде аймаққа қатысты ірі-ірі мәселелерді қозғай білді. Мысалы, «Осы Үкімет Жезқазғанды біле ме екен?» дейтін проблемалық мақаласы. Мақалада Жезқазған аймағындағы кен қорының азайып бара жатқаны, ал, не әкімдік, не корпорация тарапынан елдің ертеңіне деген ешқандай алаңдаушылықтың жоқтығына деген күйініш бар еді. Жаңылмасам, мақала сол кездегі Сенат Төрағасының орынбасары М. Көпеевке де жолданды, аймақ халқының арасында зор қозғалыс та тудырды. Мұхамбет Жұманазарұлы мақаланы Үкімет басшысы К. Мәсімовке жолдап, тиісті шаралар қарастыру туралы талап қойғанын редакцияға хат арқылы хабарлаған еді. Бұл газетте жарияланды да. Мәселеге сол кездегі облыс әкімі С. Ахметов те араласа бастады. Кейін С. Ахметов Үкіметке барды. Ақыры, Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданын дамытудың Кешенді бағдарламасы дүниеге келді. Кейін «осы мәселені біз көтердік» дейтін атаққұмар ақсақалдар да пайда болып жатты. Ақиқаттан аттауға болмайды ғой, аймақтың проблемасын айтып, алғаш айқай салған – Амандық Рахұлы екенін халықтың біле жүргені дұрыс.

Зейнетке шығуына небәрі бір жыл қалғанда Аужекең «Мысты өңірдің» редакторлығынан өз еркімен кетті. «Орталық Қазақстан» қуана-қуана жұмысқа алды. Аужекеңнен соң тізгін өзіне тигенін пайдаланып мен де оны «Мысты өңірге» қосымша жұмыс істеуге шақырдым. Қатарынан қос газет түгілі бес газетте де жұмыс істей алатын қабілеті байқалып тұрса, неге пайдаланбасқа? Тіпті, қазірдің өзінде зейнетке шыққанына жеті жылдан асса да Аужекең әлі сапта. Жезқазғанның қазақша шығатын газеттерінің қайсысы болса да оны өзіне қарай тартқысы келеді де тұрады. Ол болса өзіне сенім артқан әріптестерін ұятқа қалдырғысы келмейді, сол баяғыша күрделі тақырыпты қозғайды, жақсыны жұртқа танытады, берілген тапсырманы тап-тұйнақтай орындайды.

Жарты ғасырға жуық журналистика саласында тер төгіп келе жатқан Амандық Рахұлы өз мамандығына сай берілуге тиісті марапаттардың бәрін дерлік иеленді. Ол баспасөз саласындағы ұзақ жылғы еңбегіне орай бірнеше рет Қазақстан Журналистер одағының және облыс әкімінің Құрмет грамоталарымен, дипломдарымен марапатталды. Қарағанды облысы әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының, «ҚР Ақпарат саласының үздігі», «ҚР Құрметті журналисі», былтыр ғана Жезқазған қаласы әкімінің «Мамандық майталманы» сыйлығының иегері атанды. Ешқайсының да бұрысы жоқ, дұрыс берілген марапаттар.

Оның өзі журналистиканы «Тарпаң тірлік» деп бағалаған болса, біз ол кісінің өзін «Тарпаң тірліктің тынымсыз торысы» дегіміз келеді. Еңбегіне сүйсінгендіктен айтқанымыз... Газетте жұмыс істей жүріп Ұлы Отан соғысында қаза тапқан және хабарсыз кеткен жауынгерлер туралы «Қазақстан энциклопедиясы» бас редакциясынан шыққан екі томдық «Боздақтар» кітабының (1995) облыстық редакциялық алқасының мүшесі, шығарушы авторлардың бірі, «Жезқазған» энциклопедиялық анықтамалығын (2004), «Жезқазған» (2014) деректі кітабын құрастырушы авторлардың қатарында болғанын да айта кетейік. Енді осыдан соң оны қалайша «Тарпаң тірліктің тынымсыз торысы» демейсің?

**Абдолла ДАСТАНОВ,**
**журналист.**

***Маған өз ауылымның іргетасы кеше ғана қаланып, құрылған сияқты болады да тұрады. Біздер ол уақытта 9 жасар бала едік, «Байқоңыр» кеңшарының Құлжанбай бөлімшесінің сегіз жылдық мектеп-интернатында оқимыз. Жастау болсақ та өз өлкеңнің тыныс-тіршілігі, өніп-өсу жолдары, жаңа игі бастамалар жайындағы алғашқы қадамдар, бәрі-бәрі санасында сәулесі бар адамзат баласының есінде ұзақ сақталып қалатыны айқын. Бір жағынан туған жеріңе деген сүйіспеншілік пен қызығушылықтан да болар.***



# Абызы еді елімнің

Біздің ауыл «Байқоңыр» кеңшарынан Қ. И. Сәтбаев атындағы кеңшар болып 1974 жылдың желтоқсан айында бөлініп шықты. Бұл мерзім – жоғарғы жақтың қаулысы қабылданып ауылдың қадасы қағылып, құрылған уақыты. Осы уақыттан бастап Қоскөл ауылының іргетасы қаланды. Мен тілге тиек етіп, сөз қозғап отырған Тұлғаның жалпы өмірі осы, қазығы жаңадан қағылып, іргетасы енді қалана бастаған ауылдың тыныс-тіршілігімен тығыз байланысты.

Әрине сол уақытта осы шетсіз-шексіз жапан далаға қалашық орнатып, жаңа шаруашылықтың орталығын ашу жолында аянбай еңбек еткен атпал азаматтардың еңбектегі ерлік істері ұшан теңіз. Олардың ерлік істері ел есінде, ешқашан да ұмытылмайды. Өнегелі өмірлері ұрпақтан ұрпаққа жалғаса бермек. Еңбек жолдары да, жарқын істері де бір-бір кітапқа жүк боларлық.

1975 жылы ақпан айының 17 күні Жезді аудандық партия комитетінің және халық депутаттары аудандық кеңестің ұсынысы бойынша Қоскөл ауылдық атқару комитетінің төрағалығына Доскен Оразұлы Түсіпбеков ұсынылды. Халық депутаттары Қоскөл ауылдық кеңесінің (І шақырылуы) сессиясының шешімі бойынша Халық депутаттары Қоскөл ауылдық кеңесі атқару комитетінің мүшесі және төрағасы, депутаты болып осы кісі сайланды.

Еңбек жолын ферма зоотехнигінен бастап, ағарту жұмыстарына араласып, мектеп директоры лауазымы қызметтерін атқарған бұл кісіге жоғары білімі мен тәжірибесінің арқасында бұл қызмет ауырға соқпады.

Ақпейіл, адамгершілігімен халық ортасында абырой, даңққа бөленді, адал қызмет атқарды. Ол кісі өзі атқарған – осы қызметте табаны күректей 20 жыл еңбек етіп, зейнеткерлікке шығып, балаларына өшпестей еңбек үлгісін қалдырып 80 жасқа толған шағында дүниеден озды.

Иә, бәрі кеше ғана еді... Мектеп Қоскөл ауылына көшірілген. 4-сыныптан бастап оқуымызды осында жалғастырдық. Ауылда жаңа нысандар бой көтеріп, біраз үйлер де салынған. Қайнаған қызу еңбек. Жаңа мекен, жаңа адамдар. Әркімнің өз тірлігі өз алдында.

Ойын баласымыз ғой, бір көкеге кездесіп қалдық. Ол кісі назарымызды өзіне аудартып әңгімесін бастап кетті. Тегін адам емес, кім болса да бір «дөкей». Іззетілігі де байқалып тұр.

– Мына тұсқа зәулім мектеп салынады, жанында өздерің ойнайтын ойын алаңы да болады, тағысын тағы біздер үшін көңіл қуантарлықтай жаңалықтарын айтып, жұмысымен кете барды. Бала көңіл таңданысымыздың бәрі, кейін шындыққа айналды.

Кейін есейе келе біліп жатырмыз ғой, біздерге алдағы өсу жолымызға қанат бітіріп, қуантқан кісі Доскен аға екенін .

Сол сәттерден бастап осы ағамызды жанымызға жақын тарттық. Кеңес төрағалығы, қазіргі әкімнің қызметі. Ол уақыта да осы үрдіс – еңбек майданы. Доскен ағаларымыз екі ғасырдың, екі қоғамның да ағымын бастан өткізген кісі. Халқымен, кеңшар басшылығымен, білікті мамандармен қоян-қолтық жұмыс істей отырып, небәрі 3 жыл ішінде ауыл орталығын аяғынан тік тұрғызды.

Ержетіп, есейе келе біз де ауылда еңбек майданына араластық, осындай асыл ағаларымыздың ақылын тыңдап, шәкірт бола тұра өздерін үлгі тұттық. Доскен ағамыз тау тұлғалы азамат еді. Арманы асқақ еді. Халқына адал қызмет атқара жүріп, үлгілі отбасының да тірегі бола білді. Зайыбы – Рәзия Әлкеева өмірге 10 бала әкеліп, тәрбиелеп өсірген Батыр Ана, алтын алқа иегері, сауда саласының үздігі, ауыл көркемөнерпаздарының белді мүшесі болған, аудан мәдениетіне қосқан үлесі шексіз. Бұл кісілер ұлдарын – ұяға, қыздарын – қияға қондырып немере, шөбере сүйген. Даңқты тұлғалармен құда-құдандалы болды. Елі куә – есіктері ашық, үйлерінен қонақ арылмаған кісілер, нағыз тәлім-тәрбиенің үлгісі, сыртынан сүйсінесің.

Доскен ағамыз өзі бас болып 2001 жылы жеке шаруашылық ашып, балаларының алдына мал салып, қыстақ ашып, жаңадан үй тұрғызды. Мұны да көрегендіктің нышаны деп білерсіз.

Қазір шаруашылықты балалары Жамбыл, Серік басқарып, жүргізіп отыр. Інілеріміз де ақ адал еңбектерінің жемісін татып, өз үлестерімен ел игілігін артыруда. Балаларының бәрі жоғары білімді. Халық шаруашылығының әр саласында қызмет істейді. Ағамыз ұл, қыз демей балаларының басын бір ымыраға қосып кеткен адам. Осындай бірліктерінің арқасы болар, қай науқандық жұмыс болмасын ұлдары, келіндері, күйеубалалары, қыздары жаппай атсалысып жатады. «Ұйымдасқан ұтадының» дәлелі.

Доскен ағамыз 1940 жылы 1 қаңтарда Қарағанды облысы, «Байқоңыр» кеңшары Акши бойында шаруа отбасында дүниеге келген. Әкесі Түсіпбек Оразұлы 1898 жылы туған. 1970 жылы қайтыс болды. Шешесі Алтынсары Нұржанқызы 1916 жылы туған, 1996 жылы қайтты. Бұл кісілер де өмірдің ащы-тұщы дәмін татып, соғыс кезін бастан өткізіп, ұжымшар, кеңшарда еңбек ете отырып жоқшылыққа қарамастан бала тәрбиесіне мән беріп, оқытып, жеткізіп, аз да болса немерелерінің қызығын көріп кетті.

Доскен ағамыз қызметте өз қабілет-қарымының арқасы болар, көптеген мақтау-марапатқа ие болған. 1977 жылы социалистік жарыстағы жетістіктері үшін облыстық кеңестің грамотасымен марапатталып, 3 мың сом (рубль) ақшалай сыйлық, «Москвич» жеңіл автомашинасын қоса алды. 1983 жылы облыстық кеңестің грамотасымен марапатталып, 300 сом (рубль) ақшалай сыйлықтарын алды.

Ағамыз ауыл экономикасының өсіп өркендеуіне, ағарту ісіне, денсаулық, мәдениет, спорт салаларының дамуына өзіндік зор үлес қосқан тұлға. Балалары болса да әке, ана қадірін ескеріп астарына темір тұлпар «Прада» джип көлігін мінгізіп, қуантқан кездерінің куәсі болдық. Тәрбиелеп, өсіріп баққан балаларының қызық, қуаныш, рахаттарын көрген ата-аналар осы кісілердей-ақ болсын.

Доскен аға көпшіл еді, үлкенге іні, кішіге аға бола білді. Отанын жанымен сүйді, отбасының тірегі болды. Не жақсылық жасаса да туған ауылына жасады. Халқын да жанына жақын тарта білді, өз ортасынан ұзап кете алмады. 2008 жылы Алланың ақ жолымен Үлкен қажылық шарттарын орындап, куәлігін алды. Алланы мойындап, намазын оқыды. Ел-жұртының, отбасының тілеуін тілеп, жамағатты жақсылық жолына үндеді. Жүрген жерінде, отырған отырыстарында баянды болашақтың әңгіме-сөздерін айтатын. Ол кісінің жүзі жарқын еді. Халқының бетіне де тура қарай алды. Соңынан ерген ұрпағы да тәрбиелі, еліне сыйлы.

Доскен аға денсаулығына алаң болды ма кейінірек қалаға қоныс аудармақшы болып, ел-жұртына құдайы ас берді. Сол аста: «Жас болса ұлғайды, қала ойда, қалада болам, алай-бұлай болып кетсем, елге әкеліп қоярсыңдар», – деген еді.

Мұндай сөзді еліне деген мейірімі төгілген, жүрегі бар азаматтар ғана айтар еді. Осы сөзді естігенімізде ағаның туған ауылына деген сүйіспеншілік мәртігін бір байқағандай едік.

Доскен аға қалаға қоныс аударғаннан кейін де жақсы жүрді, қуатты болды. Ауылға келіп тұрды, той-томалақтардың төрінен табылды. Өзі құрған шаруашылығының басты қыстағы – Сарыөзекте балалары жаңадан кең үй салған, оны да халқымен бірге тойлады, жақсы тілектер айтылып, көңілді отырыс болған. Доскен аға ел ақсақалы ретінде даналық бата беріп, Рәзияш тәтеміз аналық ақ ниетін білдіріп, келешекте елдің нышаны бірлігін тілеген болатын. Отбасының үлкені – Камал қызы да осы тойда ата-анасына, бауырларына, туған ауылына деген сағынышын білдіріп, ақжарма тілегін ақтарған болатын.

Елдің абызына айналған Доскен ағамыз 80 жас мерейтойын да атаусыз қалдырмады. Аллаға шүкіршілік етіп, қанағат көңілмен қалада баршаға той дастарханын жайғызды. Естеліктер айтылды, елінің бата, тілегін тыңдап, марқайып бір масаттанды. Ел-жұртының амандығын, тыныштығын тіледі. «Өзім жетпеген жетістіктеріме ұрпағым жетсін» деп батасын берді. Осындай сөздерді кім айта алады, айтса елінің абызына айналған Доскен ағамыздай тау тұлғалы азаматтар ғана айтар еді.

Туған өлкесіне өз қолтаңбасын қалдырған ағамызды алыстағы ауылда жүрсек те хал-жағдайын сұрастырып тұрдық. Аздап сырқаты барын еститінбіз. Доскен ағамыз төсек тартып көп жатпады...

Ағамыздың қайтты деген қаралы хабарын естігенімізде, көңіліміз қатты құлазыды. Ағаның аманат сөзі есімізге түсті.

Көп кешіктірмей мәйіт ауылға жерленетіндігі хабарланды. Пендеміз ғой, біз де, ауылдастары да осы шешімді құп көрген едік. Бұның бәрі де Доскен ағамызды жақсы көргендігіміздің дәлелі болатын. Мәйіт қаладан ауылға жеткізіліп, қойылды. Топырақ салдық. Әулеті, дүйім жұрт қара жамылды. Құран бағышталды. Абыз ақсақалдың айнымас аманатына адал болған халқына, отбасы, бала-шағасына туған елі, ауылы іштей ризалығын білдірді.

Жақсы адамдардың асыл бейнесі ойда көпке дейін сақталады. Марқұм Доскен аға да өзі іргетасын қалаған ауылының қыратынан еліне қарап тұрғандай болады да, тұрады маған.

Ағаның артында қалған дүйім жұрты, ізін жалғар ұрпақтары бар да, өнегелі өмірі де жалғасын таба бермек. Марқұм ағаның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

– Әумин.

**Ж. КЕНЖАЛИН.**

*Қоскөл ауылы*

# ЕРЛІК ЕШҚАШАН ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

***Кеңес одағы тұсында соғысқа түк қатысы жоқ халықты қан құйлы майдан алаңына жіберіп, қаншама отбасының ойранын шығарған, бозбала кезеңнен енді шыққан жап-жас жігіттердің тағдырларын тәлкек еткен Ауған соғысының қасіреті жүректерден өшпек емес. Ерлік ешқашан ұмытылмайды. Республика бойынша 22 мың адам Ауған соғысына қатысқан. Олардың 1000-ға жуығы соғыста құрбан болып, Қазақстан жерінде жерленді. 20 адам із-түзсіз жоғалған.***



1989 жылы 15 ақпанда Кеңес әскерінің соңғы легі Ауғанстан жерінен шығарылған болатын. Жезқазғаннан 112 жауынгер ауған соғысына аттанды. Бүгінде оның 85-сі ғана ортамызда. Олардың 5-еуі ауған жерінде ерлікпен қаза тапса, 22-і елге оралғаннан кейін дүниеден өткен.

Соғыс алаңында өмір мен өлім, елдің амандығы үшін қолына қару алған жерлестеріміздің бірі – Бекен Бұқарбаев. Жезді кентіндегі №6 мектепті тәмамдап, 1987 жылы Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге аттанған оған соғыс алаңына тап боламын деген ой үш ұйықтаса түсіне кірмеген еді. Алдымен Әзірбайжандағы Таулы Карабах аумағындағы Степанакерт қаласына аттанды. Осында бес ай дайындықтан өткен оларды жауаптылар: «Қыс болмайтын жылы жерге жібереміз. Жолдарың болды» деп аттандырып келген. Соғыс жүріп жатқан аймаққа тап болғандарын ұшақтан түскенде бір-ақ білген оларда таңдау да, шегінерге жол да болмаған. Ендігі қалғаны – өмір мен өлім үшін күрес қана. Бұл 1987 жылдың күз айы еді.

Ауған даласындағы саперлік батальонға тап болған ол осындағы штабта әскери көлік жүргізуші міндетін атқарды. Инженерлік қызмет бастығының көлік қозғалысына жауапты болған Бекен Бұқарбаев 1989 жылға дейін Қандағар жерінде болды. Майданға аттанған қандыкөйлек достары арасында Марат Қаскенов, Бақытжан Кенжеахметов, Берік Әлібаев, Төрехан Базылбеков, Қайрат Токашов, Сергей Камаев, Сергей Захарев, т.б. батырларымызбен бірге болған кейіпкеріміз соғыс қасіретін, оның залалы мен зауалын, ондағы қорқыныш пен шарасыздықты душпанына да тілемейтінін айтты. Бейбіт күннің қадірін тереңнен ұғынып, келер күн үшін күрескен әрбір минутында елге, жерге деген риясыз сүйіспеншілігінің арқасында аман қалғанын жеткізген Бекен Бұқарбаев 1989 жылы ғана кіндік қаны тамған қасиетті мекеніне оралуға мүмкіндік алған. 1989 жылдың 5 сәуірі – оның қалыпты өмірге оралып, туған елдің ауасымен терең тыныстаған, естен кетпес ерекше күні. Ол осы күнді ешқашан есінен шығарған емес.

Елге оралысымен еңбекке араласқан Бекен ағамыз әр түрлі салада еңбек етті. 15 жылдан бері жеке кәсіпкерлікпен айналысады. Қаладағы бірнеше колледжбен серіктестік байланыс орнатып, ұстаздық қатар алып жүр.

Жастарға ерлік пен елдіктің тағылымын, ұлтымыздың батыр ұлдарының ұлағатты өмір жол айтудан айнымаған ол қашан да ел Тәуелсіздігінің тұғырлы, бейбіт заманымыздың мәңгі болуын тілеуден танған емес.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# Қарахан есімі қалай берілді?

Жолдас-жора болып жақсы араласып жүрген стоматолог дәрігер Ғалия Кәденқызы Шамбулова бірде үйге келіп «Сарыарқа» газетіне шыққан «Ұлытау аңыздарының ақиқаты» атты мақалаларымның бірнешеуін қарап шықты да, осыларға ұқсас оқиға менде де бар демесі бар ма? «Ол қандай оқиға?» дейміз ғой, әрине. Содан Ғалия інісі Айдардың ұлының атын қалай «Қарахан» қойғанын жырдай қылып айтып берді.

«Біздің отбасымызды білесіз ғой, ұлдар болғанымен бәрі жас кетті. Ең кенжеміз Айдар Кәденұлы 30-дан асқанша үйленбей жүріп алды. Егер ол үйленіп, ұлды болмаса, онда біздің әулет тұқымсыз қалады. Демек шежіре аяқталады. Бетін аулақ қылсын, ойлаудың өзі қандай қиын, иә? Содан мен жалғыз інімді жанталасып «қайтсем аман сақтап қалам, ұрпақты етем» деп анда да сүйредім, мында сүйредім. Тәуіпке де, балгерге де, емшіге де апардым. Басты сұрағым: «Неге бізге біткен ұлдар жастай жоқ болып кете береді?» ғой баяғы. Оның үстіне інімнің екі бірдей экономистік жоғары білімі бола тұра неге жұмыста жолы болмады? Неге үйленбеді? «Қалайда інімнен ұрпақ алып қалам» деп жанталасып жүрдім. Қазір ойлап отырсам, әкемнен қалған соңғы тұяқ Айдардың да ерте кететінін сол кезде сезгендеймін.

Іздесең неше түрлі табыла да, кездесе де береді екен. «Үшкіріп, дем салып емдейді» деген соң Сәтбаев қаласындағы автовокзал маңайында тұратын, орыс әйелге апардым. Ол баяғыда рудник жақта бір әйгілі емші неміс кемпір болған екен, соның немересі көрінеді. Әлі есімде оған жұмыртқа, ет апарғаным. Жолын ашты ма, кім білсін, содан кейін іле-шала інім «Қазақмыс» корпорациясына, мехцехқа жұмысқа орналасты. Байқап жүрмін, жұмысқа шыққаннан соң жағдайы да, әңгімесі де түзеле бастады. Бірақ отыздан асса да «үйленем» деген сөз айтпайды. Мен де сұрап қоям, бірақ қуантар жауап ала алмай келемін.

Содан сұрастыра жүріп, өзіммен бірге жұмыс істеген Бәкен Тұрмағанбетқызына келдім. Ол кісіні айтқандары айдай келетін «көріпкел» деп айтатын бәрі. Аққу-сұңқарлардың өкілі. Сол кезде сондай бір әруақтармен сөйлесетін топ шығып, әулиелерді аралап жүруші еді ғой. Бұл кісі солардың «Аққуы» болатын. «Інімнің жолын аштырсам ба?» деген арман мені сол кісінің алдына апарды. Аққулардың тағы біреуінің есімі – Гүлжан. Мен шын мәнінде оларға сеніп, шын ниетіммен жүрдім. Ол кісілер ананы да айтты, мынаны да айтты. Сеніп жүргеннен кейін айтқандарының бәрін бұлжытпай орындап жүрдік. Кішкентай баладай інімді қолынан ұстап алып, сүйретіп жүрдім ғой. Інім болса «Ғалия, тасташы мені анда да, мында да сүйрете бермей» деп қояды. Мен болсам «сен – біздің тұқымды сақтап қала алатын, әкемнің атын өшірмей алып қала алатын жалғыз адамсың. Сондықтан бар үмітіміз сенде» дейтінмін. Өзі де айтатын марқұм «Я последний из могикан» деп. Біраз емдегеннен кейін Гүлжан «қатты байлап тастаған, бұған менің күшім келмеді, Асылтасқа баруларыңыз керек» деп бағыт берді. Гүлжанның айтуымен біз «Асылтас» деген әйелге келдік. Ол да – « Аққу». Әулиелер аралайды екен. Оған інім қарсы болды. Бірақ мен «Айдар, бәрібір жұмыс істемейсің. Қолың бос. Барып, арала десе, аралай бер. Оның саған пайдасы болмаса, зияны жоқ. Ең ақыр аяғы ел көріп, жер көріп қыдырып қайтасың. Ақшадан қысылма, мен қанша болса да тауып беремін» дедім. Бар ойым Айдардың болашағында. «Осы Айдардан айрылып қалмасам екен, осы ұзақ жасаса екен, ұлды болса екен» деп тілеймін де жүремін. Көңілімді қимады ма, інім қинала келісті. Сонымен Асылтасқа ертіп, қолына 70 мың теңге ұстатып, Тараз қаласындағы Айшабибі кесенесіне жібердім. Аққулар бата бергенде баяғы бақсыларға ұқсап, өзге бір әлемге еніп, біреу айтып тұрғандай тақпақтатып, желпініп сөйлейді ғой. Асылтас сол Айшабибі кесенесінде бата шығарып сөйлегенде Айдарға «сен үйленесің, балалы да боласың. Ұл болса атын «Қарахан» деп қой, қыз болса «Айшабибі» деп қой» депті. Оның берген батасының диктофонға басып алған жазбасы да болатын. Асылтас «Айшабибі ана бата беріп жатыр» деп тақпақтатып тұрғанда, Айдардың көз алдына сәукелелі Айшабибінің сұлбасы көрінген. Айдардың да ептеп көріпкелдігі ашылған. Бір ғажабы, оның кесененің қасында тұрып түскен суретінде де сәукелелі қыздың сұлбасы қоса түсіп қалған ғой. Оның соткасында осы сурет болатын. Осы оқиғадан кейін ештеңеге сенбей, бәрінен түңіліп, тұңғиыққа кетіп бара жатқан Айдарда сенім де күшейіп, көңіл күйі де жақсара бастады. Одан кейін сол Асылтастармен Көкшетауға барып, Абылайханның тағына отырады. Тақта отырғанда тағы да бата шығарады. Онда да «сенің ұлың болады, ұлыңның атын Қарахан қой. Өзің де таққа отырасың, жақсы жұмысқа тұрасың, қызметің де өседі» дейді. Осы сапарынан келгенде Айдар қатты қуанып «Ғалия, осымен екі рет ұлды боласың, атын Қарахан қой деп бата алдым, орындалатын шығар» деп риза болып жүрді. Еңсесі көтеріліп, жан-жағына қарап, өмірге араласа бастады. Сөйтіп жүріп қырыққа келді. Бір күні Айдар «Ғалия, мен үйленем» дегенде қуаныштан жүрегім жарылып кете жаздады. «Кімге, қай жақтікі?» деу жоқ, «қашан, қашан?» деп жанын алып жатырмын. Ол «үйленем» дедім ғой, енді асықпа тойға дайындалайық» деді салқынқандылық танытып. Әкей болса түйе қарап кеткен. Анамыз болса қатты ауырғаннан төсек тартып жатып қалған. Әлден уақытта есімді жиып, «қай жақтікі?» деппін ғой. Жазира есімді Жездінің қызы, руы Боран екен. Сонымен үйленіп, туыс-туған болып тойын жасап, ол шаруаны тындырып қойдық.

Сонда да мен оны қояр да қоймай емші, бақсы, көріпкел Бәкен тәтеге алып бардым ғой. Ол кезде Айдардың келіншегінің аяғы ауыр болатын. Бірақ әлі ұл ма, қыз ба білмейтін едік. Інім де «менде тек қана ұл болады, атын «Қарахан» деп қоямын» деп жүретін. Біз де «ұл, ұл болады» деп үміттеніп жүрдік. Бәкен тәте де Айдарға «келіншегің ұл туады, ол айдан анық көрініп тұр» деген екен. Содан тамыз айында Айдар мен Жазира бар бәріміз нағашыларымызға Алматыға бардық. Алматыда тұратын нағашы ағамыз философия ғылымдарының кандидаты Мұрат Мұсахметовтің үйіне барғанымызда ғалым нағашымыз «келіннің аяғы ауыр екен бұйырса, ұл туады. Есімін мен қояйын. Әулеттеріңізде өлім-жітім жиілеп кетті ғой, Алла сабырын берсін, болашақ сәбилеріңнің аты «Сабыр» болсын» деді. Нағашымыз ғылымның соңына түсіп, мүлде үйленбеген кісі болатын. Елге де, туыстарға да өте сыйлы, құрметті. Ешкім оның сөзін жерге тастамайтын. Содан кейін біз қалай сөзін жерге тастайық? Алланың бергені ұл болғанымен атын «Қарахан» деп емес, «Сабыр» деп қойдық.

Одан кейін ол 2019 жылдың тамыз айында жоғарыда айтқан Бәкенге еріп, Ұлытаудағы Әулиетауға барып, тау басына түнеп қайтқаны бар. Әулиетауға барып қонғандағы әңгімесінде Айдар інім; «Тау басында әңгімелесіп жатыр едік, ұйықтап кетіппін. Бір уақытта тура өңімдегідей бір кісі келіп, қолындағы қылышын иығыма тіреп тұрып, «Сен мені таныдың ба?» деп сұрады. «Жоқ» дедім қорыққанымнан. Ол маған сұсты көзін қадап тұрып, «мен Райымбек батыр боламын. Сен тағы ұлды боласың, ұлыңның атын осы жолы «Қарахан» қоюың керек. Ол ел билейтін мықты азамат болады» деді де, көз алдымнан жоқ болып кетті. Ояна кеттім. Қарасам, қасымдағылар қаннен-қаперсіз ұйықтап жатыр. Кәлимаға тілімді келтіріп, көкке қолымды жайып, «я, Алла, Райымбек батырдың айтқанын қабыл ете гөр!» деп тіледім де, бетімді бір сипап, қайта жаттым. Таңертең таң бозынан бәріміз ояндық. Әркім өз көрген-білгендерін айтып жатыр. Мен де Райымбек батырдың келіп аян беріп кеткенін айттым» деген болатын. Ал мені «Әулиетауда Райымбек батыр жатқан жоқ қой, ол неге аян беріп жүр?» деген ой мазалаумен болды. Сөйсем, нағашы әжем Райымбек батырдың тікелей ұрпақтары екен. «Жиеннен туған жиеншарын қолдағаны шығар» деп ойладым да қойдым. Содан кейін келінімнің екінші балаға аяғы ауыр болып, әруақтар айтқандай ұл туды. Атын «Қарахан» деп қойдық. Бір өкініштісі Айдар інім келіншегі Жазираның аяғы ауыр екенін білгенімен, армандаған Қараханын көре алмай, 2020 жылдың 5 шілдесінде коронавирустан көз жұмды. Бәкен көріпкел маған «Ғалия, жақында сенің әулетіңде біреу қайтыс болады» деп еді адамды шошытып. Айтқаны айдай келді. Марқұм інім Жазираның бойына бала біткенін білген күннен бастап, «балам ұл болады, енді кім не айтса да көнбеймін. Атын «Қарахан» деп өзім қоямын» деуші еді. «Арманда кетті» деп жанарына жас үйірілген Ғалия қайта тәубесіне келіп, «шүкір Аллаға, екі ұлы қалды. Екі ұл екі інімнен, ал Астанадағы ағамнан қалған тұяқ өзінен айнымайды. Жаратқан әулетіміздегі үш ұлды алғанда осы үш кішкентайды орындарына айырбасқа бергендей болады да тұрады маған. Қазақтың «әке – асқар тау, ана – ағып жатқан бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» дегені рас екен. Күнде естіп жүрген сөз болған соң мән бермейді екенбіз. Әкем қайтқанда ақылдасар, арқа сүйер ешкімім қалмағанын сезіндім. Үш бауырым бірінен соң бірі кеткенде тіпті қорғансыз, жан-жағым тақырланып, айдалада жалғыз қалғандай болдым. Ал анам қайтқанда таза дәрменсіз-нәрсіз, иммунитетсіз қалдым. Енді қалған жерде сол бауырларымнан қалған кішкентай үш iніме құдай ғұмыр берсе екен деп тілеудемін», – деп сөзін аяқтады Ғалия.

Атақты ақын Дулат Бабатайұлы: «Мал – дүниенің опасы, Жан – иманның сапасы» дейді. Ақылға салған адамға осы сөз нанымды, әрі ақиқат. Осындай оқиғаларды естігенде Әулиетаудың тылсым құдірет мекені, жаратқанға жақын нүкте екені айқындала береді. Соған иманыңмен илануға жетелейді.

**Бағдат БАЙЖАНТАЕВ**
**ақын, өлкетанушы**













# АҒАЙЫН ТАТУ БОЛСА АТ КӨП...



***«Бірге тумақ болса да, бірге жүрмек жоқ», бала күнінде бір көрпенің астына сыйған туғандар, әрқайсысы бір-бір отбасы құрғаннан кейін тұрмыстың талабымен, тірліктің ыңғайымен жан-жаққа тарап кетуі заңды нәрсе. Келе-келе олар «қазаны басқаның қайғысы басқа» болып, әркім өз отбасының әбігерімен болып кетеді екен. Осылайша көзден кеткен, көңілден де кетедінің кейіпін киеді. Алайда Алланың «туыстық қарым-қатынасты үзбеңдер» деген бұйрығын ұмытпайық, ағайын!***

Ай көрмесе, ағайын жат
Жыл көрмесе, жекжат жат

Адамға ұмытшақтық тән қасиет, ұзақ уақыт көріспеген адамдар, бір-бірін іздемек түгілі, бар екендігін ұмытып та кетеді.

«Бала бірте-бірте алыстай береді, әкесін әке емес жай ғана таныстай көреді», – деп ақын Қадір Мырза Әлі айтпақшы, бүгінгі жақын дегендерің бір күні жат болып кетуі оп-оңай, содан «ағайын ащы, мал тұщы» деп отырғаныңды бірақ байқайсың.

Сондықтан жақын туыстар көбірек араласып, жиі-жиі қонаққа шақырысып тұрғандары жөн. Себебі Алла Тағала қасиетті Құранда:

وَاتَّقُوا اللَّهَ الَّذِي تَسَاءَلُونَ بِهِ وَالْأَرْحَامَ إِنَّ اللَّهَ كَانَ عَلَيْكُمْ رَقِيبًا

**«Алладан қорқыңдар, туыстық байланысты үзуден сақтаныңдар. Күдіксіз, Алла сендерді бақылап тұрушы», (***«Ниса» сүресі, 1-аят***) –** деп бұйырады.

Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): **«Кім Аллаға және Қиямет күніне иман келтірсе, қонағын сыйлап, құрметтесін. Кім Аллаға және қиямет күніне иман келтірсе, туысқанымен қарым-қатынасын үзбей, жалғастырсын. Кім Аллаға және қиямет күніне иман келтірсе, жақсы сөз сөйлесін немесе үндемесін»** (*Бұхари, Мүслім*) десе, тағы бір хадисте Пайғамбарымыз ﷺ : **«Кім ризық-несібесінің көбеюін және ғұмырының ұзақ болуын қаласа, ағайын-туыстық қарым-қатынасын күшейтіп, оған қарайлассын»** (*Бухари*) дейді.

Ағайындар бір-бірінің жамандығын жасырып, жақсылығын асырып жүруі керек. Ақын-әулие бабамыз Мәшһүр Жүсіп:

Аманыңда елжіреп, мақтайтын да ағайын,
Алыстамай айналып, жақтайтын да ағайын.
Ауырыңды жеңіл ғып, жоқтайтын да ағайын,
Еркелетіп, бетіңнен қақпайтын да ағайын, – деп жырлаған екен.

«Ағайынмен жауласпа – басың азаяды,
Көршіңмен дауласпа – асың азаяды»,
«Ағайын – ағайынның айнасы»,
«Ағайын бірде араз, бірде тату»,
«Ағайында өкпе бар да, кек жоқ»,
«Ағайынның азары болса да безері жоқ»,
«Ағайынмен ішкен ас тәтті»,
«Ағайынның қадірін білмесең жалғыздық берер сазайды»,
«Ағайынды өкпелеткеннің үні іриді»,
«Туғаныңмен туыспасаң, кең дүниеге сыйыспассың»,
«Ағайын тату болса ат көп,
Абысын тату болса ас көп» – деген асыл сөздерді естен шығармайық!

**Мейіржан ӘНУАРБЕКОВ,**
**Жезқазған қаласы Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіттің наиб имамы.**

(*Сурет ғаламтордан алынды)*

# ҚАЖЕТСІЗ СОҒЫСТЫҢ ҚАСІРЕТІ

***Балалар мен жасөспірімдер кітапханасында «Атамекен» тарихи клубымен бірлесе отырып өткізген іс-шара осы тақырыпты арқау етті. Оған ауған соғысы ардагерлері кеңесінің төрағасы Ақылбек Аманов және ауған соғысының ардагері Нұрлан Байғожинов қатысты.***



Іс-шара барысында клуб мүшелері Д. Жақсылық пен Б. Амантай, А. Матаева жауынгер ерлігін паш еткен, жан тебірентер өлеңдер оқыды. Тәрбие сағатында жиналғандар кітап көрмесіне қойылған әдебиеттерге жасалған шолуды тыңдап, жауынгерлердің ерлігінен хабардар болды.

«Әскери комисариаттан әскер қатарына шақырту алған соң, Отан алдындағы борышымды өтеуге аттандым»,- деп әңгімесін бастаған Ауған соғысы ардагерлері кеңесінің төрағасы Ақылбек Аманов өзінің басынан кешкен оқиғаларымен бөлісті.

Бұл соғыста қазақтың талай тарланы құрбан болды. Солардың ішінде біздің жерлестеріміз Ғибадат Құттыбаев , Асылбек Мамажанов , Манарбек Сансызбай бар. Қара басын емес, қарулас досының өмірін қорғау жолында шейіт кеткен бауырларымыздың ерлігі ешқашан да ұмытылмайды. Жерлесіміз Ғибадат Құттыбаев 1988 жылы «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталып, ол тұрған үйге мемориалдық тақта орнатылып, көшеге аты берілді. Ауған соғысында автоколоннаны қорғау сәтіндегі ұрыс барысында ерлік көрсеткені үшін Асылбек Мамажанов «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Өзі оқыған №8 орта мектепте «Әскери даңқ» залы ашылып, оның құрметіне мемориалдық тақта мен бюст қойылды. Манарбек Сансызбай Бағрамда болған ұрыста 1987 жылы 26 тамызда ерлікпен қаза тауып, «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталды. Жезді поселкесіндегі өзі тұрған көшеге оның аты берілген. Кешке қатысушылар ұрыс даласында қаза болған жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алды. Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде ролі зор мұндай кездесулер алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

**Құралай ҚОЖЫРБАЕВА,**
**Балалар мен жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы**




***Әлемге әйгілі Palgrave Macmillan баспасынан «Посткеңестік 15 елдегі мемлекеттік басқарудың эволюциясы: трансформацияның түрлілігі» атты бірегей басылым жарық көрді.***

# БІРЕГЕЙ БАСЫЛЫМ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Бұл посткеңестік он бес елдегі мемлекеттік басқаруды трансформациялаудың, сондай-ақ мемлекеттік басқару реформалары мен даму көрсеткіштерінің салыстырмалы талдауын қамтитын алғашқы толық ауқымды терең зерттеу. Кітап Астана мемлекеттік қызмет хабының Басқарушы комитетінің төрағасы Алихан Байменов пен халықаралық сарапшы Панос Ливеракостың басшылығымен жүргізілген 25 ғалым мен тәжірибелі мамандардың екі жылдық бірлескен жұмысының нәтижесі.

Кітапқа берген сын-пікірлерінде АҚШ-тағы бірқатар реформалардың қайнар бастауында тұрған, мемлекеттік басқару ғылымының патриархы, профессор Честер Ньюланд, Корея Республикасының бұрынғы Адами ресурстар министрі, профессор Пан Сук Ким және Сингапурдағы Халықаралық мемлекеттік басқару орталығының бұрынғы басшысы, танымал сарапшы Макс Эверест Филлипс оның бірегейлігін ерекше атап өткен. Атап айтқанда, профессор Ньюланд «Бұл бұрынғы кеңестік 15 республиканың әрқайсысындағы отыз жылдық трансформация туралы алғашқы кәсіби зерттеу. Кітап білімді тереңдетеді және осы мәселелерді өмірлік тұрғыдан түсінуге ықпал етеді, бұл оны пайдалы оқуға айналдырады » – деп жазған.

Кітапқа алғы сөзді БҰҰ Бас хатшысының көмекшісі, БҰҰДБ-ның Еуропа және ТМД елдері бойынша Өңірлік бюросының директоры Мирьяна Споляриc Эггер жазған. 597 беттен тұратын еңбек 16 тараудан құралған, онда әр елдегі мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызметті қайта құру траекториясы егжей-тегжейлі зерттеу, сондай-ақ реформаларға салыстырмалы талдау нәтижелері ұсынылған. «Прогресс және оның парадокстары» деп аталған қазақстандық тарауды Алихан Байменов, Мақсұт Өтешев және Гүлімжан Сүлейменова жазған. Жалпы, кітап посткеңестік кеңістіктегі әкімшілік жүйелерді дамытуға қатысты зерттеулердің жеткіліксіздігіне байланысты мемлекеттік басқару ғылымындағы орын алған бос орынды толықтыруға бағытталған.

**Өз тілшіміз.**

# ЕЛІН СҮЙГЕН ҰЛЫ РУХ

***Жезқазған тарихи-археологиялық музейі қаладағы мәдени іс-шараларды өткізуге ұдайы ат салысады. Соның бірі – Кәкімбек Салықовтың 90 жылдығына арналған «Елін сүйген ұлы рух» атты әдеби-танымдық кеш.***



Кешке музей қызметкерлері, БАҚ өкілдері және №1 орта мектебі мен №8 мектеп гимназиясының оқушылары қатысты. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, бірнеше орден, медальдердің иегері Кәкімбек Салықовтың туындылары ұрпаққа баға жетпес рухани азық екені сөзсіз.

Оның алғашқы «Сыр» атты өлеңдер жинағы 1977 жылы жарық көрді. Осы жылы «Жезкиік» жыр жинағы орыс тіліне аударылып жарияланды. 1981 жылы Қырғызстан баспасы оның «Нұрлы күндер» кітабын қырғыз тілінде, 1983 жылы Ғафур Ғұлам баспасы «Жезкиік» жинағын өзбек тілінде басып шығарса, «Букетовке реквием», «Эдельвейс», «Ғасырға тең бір мезет», «Че Гевара» атты поэмалары орыс тіліне аударылған. Ол «Дала», «Қырандар», «Гәкку», «Жезкиік», «Еңлікгүл» сынды көптеген поэмалардың, сондай-ақ, «Ой толғақ», «Күзгі шуақ», «Сенсің ел данасы» тағы басқа кітаптардың авторы.

Іс-шараның шымылдығы Кәкімбек Салықовтың өмір жолынан сыр шертеткен «Тағдыр жолы» атты бейнефильммен ашылып, оқушылар ақынның туындыларын мәнерлеп оқыды. Кеш соңында белсене қатысқандарға Алғыс хат табыс етілді.

Соңында мол мұра қалдырған ақынның есімі ұрпақ жадынан мәңгі өшпесі анық.

**Жаннұр ТӨЛЕНДІҚЫЗЫ**

## ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

Аймақтық «SARYARQA» газеті өз жұмысын жаңа басшымен, жаңа сипатта жалғастыруда. Біз үшін елдің мүддесі, оқырманның тілегі басты орында. Осы мақсатта «Оқырман отауы» айдарын қайта жандандырмақпыз. Осыған байланысты қала, ауданның тыныс-тіршілігіне байланысты талап-тілегіңіз туындаса, ұсыныс-пікіріңіз болса, тайсалмай айтыңыз, іркілмей жазыңыз! Ол үшін Whatsapp әлеуметтік желісінде арнайы нөмір қосып отырмыз. Бұқараның базынасына үн қатуға әрқашан әзірміз.

**Байланыс нөмеріміз**
**8(701)-118-88-08.**

***Қадірлі оқырман!***

Аймағымыздың уақыт талабына сай алға басуы үшін әрқайсысымыз атсалысып, қалауымызды айтып, талабымызды қояйық. Шешілуіне де бірлесе жұмылайық.

***Құрметпен,***
**аймақтық «SARYARQA» газеті!**

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Аймақтық «SARYARQA» газетіне жазылу жыл бойына жүргізілетінін Сіздердің қаперлеріңізге саламыз.

Жазылуды оңтайландыру үшін көрсетілген байланыс нөмірі арқылы **(87778902258, Жаннұр Т)** «Каспи голд» картасына жазылу құнын аударып, мекен-жайыңызды жазып жіберсеңіз алдағы аптадан бастап газетті алатын боласыз.

***Құрметпен,***
**аймақтық «SARYARQA» газетінің редакциясы**

# АЛТЫН БАҒАСЫ АСПАНДАП ТҰР



***Латын тілінен аударғанда «жарқын рауан», «таңғы шапақ» деген мағына беретін аурум, яғни алтын – инертті, созылғыш элемент. Археологиялық деректерге сүйенсек, алтын мен мыс б.з.б. 5000 жыл бұрын пайда болған. Ол – адамзат игерген ең алғашқы металдардың қатарында. Марс пен Меркурийден де табылатын бұл алтын дегенді қазақтар да жақсы көреді.***

Ұлтымыз күмісті тазалықтың меліна баласа, алтынды денсаулыққа пайдалы санаған. Қазақ әйелдері ешқашан алтын мен күмісті бірге тақпаған. Оның бір себебі, қатты металл саналатын күміс алтынды жұқартып жібереді екен. Екіншіден, алтын мен күмісті бірге тағу адам денсаулығына да айтарлықтай зиян келтіреді. Бұл екі металл бір-біріне карсы әсер еткенде адамның жүйке жүйесінің бүлінуіне әкеліп соғады.

Мұхаммед пайғамбардың қалған хадистерінде дінімізде ер адам үшін алтынның харамдығы айтылады. Ғалымдардың айтуынша, алтынның атомдары ер адамның денесіне тез әрі терең сіңіп, қан арқылы есте сақтау қабілетіне, ұрпақ көбейту қасиетіне орасан зор зиян келтіретін көрінеді.

Алтынмен апталып, күміспен күптеліп жүргенді ұнатпайтын қыз-келіншек кемде-кем. Олар үшін алтын – байлықтың, баршылықтың, әдеміліктің белгісі. Бұған алтын киіммен жерленген Алтын адамы да дәлел.

Бүгінде алтынның 1 грамы Ұлттық банкте 25 118,60 теңгеге бағаланып отыр. Жыл сайын алтын бағасы өсуде. Осыдан екі жыл бұрын Жезқазғанда 18-19 мың теңге болған алтынның грамы бүгінде 22-ден 34 мың теңгеге дейінгі аралықта бағалануда. Банктер арқылы бөліп төлеуге алсаңыз, тіпті қымбаттай береді. Той-думаны, құдалығы көп қазақ халқының кез келген тойын алтын бұйымдарсыз елестету мүмкін емес. Осы тұста Жезқазғандағы алтын бағасы тіптен қымбат екенін айтпай кетпеуге болмас. Қуаныш орын алып, алыс-берісі бар думандарда жезқазғандықтар қолжетімді бағаға қол жеткізу үшін Қарағандыға немесе Алматыға қарай шабылып жатады. Қазіргі таңда алтын бағасы еліміздің оңтүстік өңірлерінде арзандау. Түркістанда 18-19 мың теңгеден басталады. Дегенмен алтын бұйымдарды жиі тұтынатын, бір адамдай тәжірибесі бар Райхан Сариева ол жақтың алтындарының сапасы көңіл көншітпейтінін жеткізді. Көбіне алтынды Қызылорда жақтан алатын ол доллар бағасы өсті деген желеумен алтын құнының да жедел өсіп жатқанын айтты.

– Қазір таныс-тамыр, шамалы түсіріп беру сынды шығыстықтарға тән саудаласу дәстүрі алтын бизнесінде мүлде жойылған. Қаржың жетпесе, бөліп төлеуге ал дейді де отыра береді. Қолма-қол ақшаға грамы 22-23 мың теңгеге бағаланады, бөліп төлеуге алсаңыз – 26 мыңнан. Алмасқа амал жоқ. Ұл өсіп, қыз бойжеткен сайын алтын жинамағаныңа өкінеді екенсің. Әрине, қазіргі алтындар бұрынғыдай сапалы деп айта алмаймын. Дегенмен қалтамыз көтергенше жинауға тырысамыз, – дейді ол.

Жезқазғандағы баға да қуанарлық емес. Дүкен сөрелерінен бір грамға толық жетпейтін жеп-жеңіл алтын бұйымын 34-35 мың теңгеге көріп, таңданбасқа амалымыз қалмады.

Алтын сату кәсібінен нәсіп тауып жүрген кәсіпкер – Майра Ералиева. Бағалы бұйымның қыр-сырын жақсы білетін кәсіпкерден алтынның қандай түрлері барын, олардың бағасын сұрадық.

– Алтынның сары, қызыл, ақ, Италия алтындары деген түрлері бар. Олардың ішінде жастар италиялық алтындарды ұнатса, үлкен кісілер арасында қызыл алтын өтімді. Мендегі алтындар бағасы 20 мың теңгеден басталады. Баға оның сапасына байланысты қойылады. Менің ойымша, Қарағанды, Нұр-Сұлтан калаларына қарағанда біздің қаламызда алтын бағасы арзанырақ. Оңтүстік өңірлерге қарағанда қымбат. Себебі онда халық саны көп, алтын сататын кәсіпкерлер қарасы да қалың. Бәсекелестік мол жерде, баға арзан болатыны анық қой, – деген ол жезқазғандықтар арасында да алтын бұйымдарын жинаушылар көп екенін, әрі соңғы жылдарда тұрғындар арасында алтын жинауға қызығушылық танытқандар да көбейгенін айтты.

Естуімізше қазір бір-бірінің ерекше күндерінде сыйлық іздеп сабылмай, бірден алтын құймасын сыйға тартатындар саны көбейген. Мыңжылдықтар легімен бағалылығын жоймай келе жатқан алтынның қорын жинаған жөн-ақ. Нарық заманында алтын сатып, қалтасын қампиткысы келетіндері де де түсінуге болар. Дегенмен алтынның буына арбалып, адамдықты ұмытып кетпесек болды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**







**Газет уақытылы жеткізілмесе осы нөмірге хабарласуларыңызды сұраймыз 8 777 890 22 58**